

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ
ОРТАЛЫҒЫ**

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ**

(Әдістемелік нұсқау)

Нұр-Сұлтан, 2020

Оқу құралында дене шынықтыру мұғалімдері және спорт саласындағы экономиканың қазіргі нарық жағдайындағы тұжырымдық және методологиялық мәселелері қарастырылған. Бұл саланың өнім шығармайтын сала ретіндегі халық шаруашылығындағы орны және оның жетістіктері айқындалған. Осы қызметке нарықтық сұраныс, саланың бәсекелестігі мен бәсекелестікке қабілеттілігі, қаржыландыру көздері, нормативті құқықтық рәсімделуі, бағыттары дәйектеліп, дамыған елдердегі және Қазақстан Республикасындағы тәжірибесі кәсіби деңгейде байыпталған.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіпкерліктің құқықтық-экономикалық негіздері тәжірибелер негізінде жан-жақты сарапталады.

Оқу құралында дене шынықтыру және спорт саласындағы экономиканың қазіргі нарық жағдайындағы тұжырымдық және методологиялық мәселелері қарастырылған. Аталмыш сала өнім шығармайтын сала ретіндегі халық шаруашылығындағы орны және оның жетістіктері айқындалған. Осы қызметке нарықтық сұраныс, саланың бәсекелестігі мен бәсекелестікке қабілеттілігі, қаржыландыру көздері, нормативті құқықтық рәсімделуі, бағыттары дәйектеліп, дамыған елдердегі және Қазақстан Республикасындағы тәжірибесі кәсіби деңгейде баяндалған.

Сондай-ақ, мұнда дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіпкерліктің құқықтық-экономикалық негіздері тәжірибелер негізінде жан-жақты сарапталады. Оқу құралында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талабына сәйкес жазылған.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1-тақырып. Қазақстан Республикасы қоғамның нарықтық экономикаға өтуінің ерекшеліктері мен заңдылықтары	
1.1. Жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастағы экономикаға өту және экономикалық ғылымның дамуы.....	5
1.2. Өтпелі кезең экономикасы және экономикалық ғылымның міндеттері.....	6
1.3. Өтпелі кезеңдегі экономикалық заңдар мен экономикалық қатынастар.....	11
2-тақырып. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық қызмет негіздері	
2.1. Қоғамдық өндіріс жүйесіндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі мен орны.....	13
2.2. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық қатынастар.....	14
2.3. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы.....	1
8	
3-тақырып. Дене шынықтыру мен спорт экономикасы курсының пәні, әдісі және міндеттері	
3.1. Дене шынықтыру мен спорт экономикасы-салалық экономикалық ғылым	25
3.2. «Дене шынықтыру мен спорт экономикасының» экономикалық білімдер жүйесіндегі рөлі мен орны	27
4-тақырып. Тауар және ақша нарықтық шаруашылық аспаптары және оларды дене шынықтыру мен спорт саласында пайдалану	
4.1. Тауар және оның қасиеттері	30
4.2. Тауарлық өндіріс түрлері	32
4.3. Спорттық тауар мен қызметтерді топтау	33
4.4. Тауар-ақша қатынастары дене шынықтыру және спорт саласында, ақшаның мәні, міндеті	35
4.5. Сұраныс пен ұсыныс-нарықтық баға қалыптасуының негізі ретінде	36
4.6. Спорттық тауарлар мен қызметтерге бағаның туындауы	37
5-тақырып. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлерінің еңбектерінің ерекшеліктері	
5.1. Жұмысшы күші тауар ретінде	39
5.2. Номиналдық және шынайы жалақы	41
5.3. Жаңа нарықтық жағдайдағы жалақының қалыптасуы	44
6-тақырып. Дене шынықтыру мен спорттың материалдық техникалық базасы	

6.1. Негізгі және айналымдық қорлар	46
Әдебиеттер тізімі.....	52

Кіріспе

Оқу құралында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы «дене шынықтыру және спорт» мамандығына қатысты жалпы кәсіби пәндер цикліндегі «дене шынықтыру мен спорт экономикасы» курсының типтік оқу бағдарламасына сәйкес жазылған. Дене шынықтыру мен спорттық қызмет саласына байланысты экономикалық қатынастардың ерекшеліктерін зерттеу көкейкесті болып табылады.

Осы пәнді оқып үйренудің теориялық және әдіснамалық бір негізі - жалпы экономикалық теория. Бұл пәнді «дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері алдын ала өтетіндіктен, курстың маңызды міндеті студенттердің «Экономикалық теория негіздерінен» меңгерген экономикалық заңдар мен экономикалық категориялар туралы білімдерін арттыруға, оқыту логикасы мен пәндердің ара салмағына сәйкес дене шынықтыру мен спорттың дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттеуге, кәсіби қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады. «Дене шынықтыру мен спорт экономикасы» пәні студенттер экономика мен құқық негіздері туралы білімдерден хабардар болғанан соң ғана оқытылады. Бұл оқу пәнін дене шынықтыру және спорт мамандығында оқыту қажеттілігінің өзектілігі қоғамдық қызметтің, соның ішінде, дене шынықтыру мен спорттың да нарықтық экономикаға өтуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастарының түбегейлі өзгерісіне байланыстығынан туындаған.

Осы орайда, курстың маңызды міндеті дене шынықтыру мен спорт саласының және оның даму жолдарындағы нарықтық экономикалық қатынастар жағдайындағы ауқымын анықтау болып табылады. «Дене шынықтыру мен спорт экономикасы» пәнін оқып үйрену студенттерді нақты экономикалық көзқараспен ойлауға, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін талдауды ғылыми тұрғыдан шешуге, дене шынықтыру мен спорт саласындағы материалдық, қаржылық және адам ресурстарын тиімді пайдалануға бағыттай келе, болашақ мамандарды басқару шешімдерін тиімді қабылдауға баулиды.

Дене шынықтыру мен спорт алыс шетелдерде көбінесе іскер топтардың әрекеттеріндегі заңдылықтар арқылы дамиды және сол бағытта өрістеп алға қарай жүреді. Спортты тамашалау көріністері және оның рәміздері сатылып алынатын да, сатылатын да тауарларға айналды. Халықаралық спорттық ұйымдар өз әрекеттерінде әр түрлі қаржыландыру көздерін қолданады, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес ұжымдарды қоса ала отырып, сұраныс пен ұсыныстардың заңдылығына сүйене келе, денсаулықты нығайтуға арналған сабақтарды ұйымдастыру сияқты қызметтерді

көрсетуден бастап, кәсіби спортшыларды әр түрлі жарыстарға дайындауға дейін және т.б. шаралармен айналысады.

Аталған іс шараларға байланысты осы күндердегі үлкен спорт пен спорттық қызметтер, спортшылардың ауқымды халықаралық жарыстарда, әсіресе, олимпиадалық ойындары мен әлем, еуропа біріншіліктерінде, универсиадаларда, азиядаларда жеңістері айқын саяси сипат алғанын көрсетіп келеді. Себебі, әр мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық салаларының жетістіктерін алға тартуды басты бағыт санайды. Сондықтан, Қазақстан Республикасын қоса алғанда көптеген ТМД (тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдерінде дене тәрбиесі мен спортты дамытуға демеушілік сияқты шаралардан түсетін қаржылық табыстардан гөрі бюджеттік қаржыландыру көздері әлі де едәуір басымырақ болуда.

Алыс шетел мемлекеттерінде дене тәрбиесі мен спорт саласына мемлекеттік емес қаржы көздерін нарықтық экономикалық қатынастар заңдылығын ескере отырып тартуға, оған бұқара халық пен жалпы қоғам құрылымдарын жүйелі бейімдеуге жұмылған.

Біздің елде осы саланы қаржыландыру әлі де болса көбінде тек бюджеттік түсімдер арқылы іске асып келеді. Дене тәрбиесі мен спортты дамытуды басқаратын республикалық құрылымдар, осы сала бойынша кәсіптік әрекеттерді енді ғана қолға алып отыр. Соған байланысты, осы бағытта аса экономикалық тиімді шараларды қолдану арқылы дене шынықтыруды бұқаралық жаппай қызметке бағыттау, спортшыларды әр түрлі деңгейдегі жарыстарға қатыстыру үшін дайындық жұмыстарын жолға қою кезек күттірмес мәселе болып саналады.

Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спорт саласындағы нарықтық экономикалық қатынастарды дамыту аса ерекше маңыз алып келеді. Сондықтан, мемлекеттік және коммерциялық қатынастарды қоса алғанда, осы өзекті мәселені шешу үшін, көптеген қаржы көздерін тиімді жолға бағыттай отырып дене тәрбиесі мен спорт қызметтерінің сапасын жоғары деңгейге көтереру уақыт талабы болып отыр.

Авторлар педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы В.И. Акимов пен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә. Ботағариевқа кеңестері үшін ризашылығын білдіреді.

1-тақырып. Қазақстан Республикасы қоғамның нарықтық экономикаға өтуінің ерекшеліктері мен заңдылықтары

1.1. Жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастағы экономикаға өту және экономикалық ғылымның дамуы

1.2.

Бұрынғы кеңес еліндегі жоспарлы экономика мен социалистік бағытта дамып келген экономика саласы, социализм жүйесі дағдарысқа ұшырауына байланысты бұған дейін қалыптасқан экономикалық теорияны сын көзбен қайта қарауға тура келді. Сондықтан, қазіргі кезеңдегі қоғамның жоспарлы экономикадан нарықтық экономикалық қатынастарға өтуінің ерекшеліктері мен заңдылықтары экономика ғылымының дамуына орасан зор ықпалын тигізді. Өтпелі кезеңдегі экономикалық заңдар мен экономикалық қатынастарға қалыптасу жүйесі әлі де жан-жақты даму үстінде. Аталып отырған себептердің әсерінен экономика ғылымы пәніне деген жаңа көзқарас заман талабына сай бағытталып шешілуде. Сондықтан, экономикалық зерттеулер әдістеріне де жаңа талаптар кіргізілді. Нарықтық экономикаға өтудің әлеуметтік экономикалық салдары өз тарапынан қоғамның дамуындағы үрдістерге көптеген өзгерістік қатынастар қалыптастыруда.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикалық қатынас жағдайындағы дене тәрбиесі мен спорт саласын басқарудың тиімді үрдісінің ғылыми негізделуі әлі толығымен құрыла қоймаған. Сондықтан, осы жинақталған мәселелерден туындаған қарама-қайшылықты шешу жолдарын қалыптастыру осы оқулықта қарастырылады.

Дәлірек айтқанда, біздің елде нарықтық экономикалық жағдайларды ескере келіп, дене тәрбиесі мен спорттың экономикалық қатынастарын жетілдіру ғылыми түрде негізделмеген, яғни осы орайдан туындайтын өзгерістер бір жағынан болса, екінші жағынан алғанда айтылған мәселенің құрастырылмағандығына айланысты, осы салада нақты жүйелі қатынастың қажеттілігін қалыптастыру айқындалады. Жинақталып келтірілген қайшылықтар, осы тақырыпты жан-жақты талдап қарастыру арқылы өзектілікті шешуді міндет етеді. Оқулықтың методологиялық негізі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялаудың жеделдету жолында» баяндамасының құрылымынан туындаған Астана: Ел орда 2005, [1] әрекеттің тұжырымы, араласу және тұлғаның дамуы– П.Я. Гальперин, [2]; К. Роджерс, 1994 [3]; Маслоу А., 1982 [4] және басқалар қарастырған мәселелер. Білімді гуманизациялау мен гуманитаризациялаулық құрастырылулар В.А. Слостениннің [5], В.К. Бальсевич, 1988 [6]; Л.И. Лубышеваның 1992 [7] дене тәрбиесі мен спорттың ілімдік және әдістемелік құрастырылуынан, О. Сабден, 1988 [8], У. Баймуратов, 2000 [9], Г.Д. Иванов,

2006 [10] және басқалардың экономикалық негіздеудегі ғылыми бағыттарының реттеулеріне сүйенілген.

Бұрынғы Кеңес кеңістігінде алғашқы 1996 К.И. Гуськовтың [11] жұмысы ескергенді қажет етеді, онда спорттық маркетингтің дамыған шет елдердегі негіздері мен оның құрылымдық бөлшектері, демеушілікті ұйымдастырудың кейбір мәселелері, лицензиялау мен спорттық әрекеттерді жарнамалау келтірілген болатын. Осы пәнде оқыту барысында, олимпиадалық маркетингтің ерекшеліктері айқындала келіп, сондай-ақ оның студенттік және кәсіби спорттағы іске асуының экономикалық жолдары қарастырылады. Аталған еңбекте маркетингтің механизмі мен дене тәрбиесімен сауықтырулық қызмет көрсету жолдары толық ашылған. Кейбір, арнайы құқықтық бағыттар талданған және де батыстық спорт ұйымдарының тәжірибелері көлемді қарастырыла келіп жекедей тәжірибе алу ұсыныстары беріледі. Бірақта осы еңбек спорттық маркетингтің кейбір бөлшектерін аша келе, «дене тәрбиесі мен спорт» саласында кең ауқымды тамырлы өзгерістер жүргізуді көздемейді. 2001 жылғы жарық көрген В.В. Кузьиннің [12] редакциялығымен жазылған оқу құралы біздің біраз қызығушылығымызды танытты. Алыс шетелмен қазақстандық ғылымның қазіргі таңдағы жетістіктерін салыстыру және де қазақстанда мемлекеттік білім беру талабына сәйкес дене тәрбиесі мен спорттың экономикасының негізі айқындалған. Аталған жұмыста, Қазақстан жоғарғы мектебінің алдына нақтылы міндет қойылғандығы мен қатар, онда осы салада білім алатын студенттерге оқу барысында тек қана нарықтық экономиканың негіздерін ғана білмей, сонымен қатар экономикалық бағытта ойлар қалыптастыра алуға, спорттық кәсіпкерлік саласындағы экономикалық қатынастардың бөлшектері туралы өзіндік көзқарастарды меңгере отырып талдау жасау қойылады.

Сондықтан, Қазақстанның мемлекеттік кәсіби жоғары білім оқу стандартындағы «Дене шынықтыру және спорттың экономикасы» пәнінің ауқымындағы курс, Қазақстандық осы саладағы жалпы міндетті жоғары білім стандартында да қарастырылған, онда дене тәрбиесі мен спорт халық шаруашылығының бір саласы ретінде танылады. Бірақта, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінің ішіндегі Ресейде ғана спорттық киімдердің түрлері, спорттық аяқ киімдер және спорттық құрал-жабдықтар шығару өнеркәсібі айтарлықтай дамығандығын айтып өткен орынды. Ал біздің елде де материалдық-техникалық базалардың жағдайлары талаптарға сай болу үшін, біраз ауқымды жұмыстар жүріп жатыр.

1. 2. Өтпелі кезең экономикасы және экономикалық ғылымның міндеттері.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы өтпелі кезең экономикасы және экономикалық ғылымның міндеттері болып, осы «**Экономикалық теория негіздерінің**» маңызын студенттер оқып үйрену барысында меңгерген экономикалық заңдар мен экономикалық категориялар туралы

білімдерін арттыруда, оқыту логикасы мен пәндер ара салмағына сәйкес дене шынықтыру мен спорттың дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттеу барысында қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғамда нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасуы және жұмыс орындары үшін бәсекелестіктің пайда болуына байланысты, сондай-ақ, мемлекеттік қаражат бөлудің болмауына және жұмысқа өздігінен тұру қажеттілігіне байланысты бұрынғыға қарағанда дене шынықтыру саласындағы мамандардың белсенді өмір сүру бағыты айырқша көкейкесті болып отыр. Білім жүйесінде кез-келген буынның педагогикалық мамандарына қағидатты жаңа талаптар қойылуда. Ақпаратшы- оқытушының типті қалпы өткен кезеңнің үлесінде қалуы тиіс. Оқытушы-пән үйретушіні дайындаудың қалыптасқан тәжірибесі, оны басқа бейіннің мамандарын, мысалы инженерлерді дайындаудан айырықшалайтын ерекшеліктерге ие емес. «Жаңа ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені кеңінен қайта ендіру міндетін жүзеге асыру, педагогикалық білімнің адам танушылық сипатын меңгеруді, оқыту және тәрбиелеу құралы ретінде пәндік білімді пайдалануды көздейді..»

Спорттық ұстаздың еңбек қызметіндегі шығармашылық құрамдастың прогрессивті өсуі маманның жалпы білім беретін білімнің деңгейін, ойлаудың шығармашылық стилін, білімін үздікіз өздігінен жетілдірудің алдыңғы қатарға шығарады. Қазіргі уақытта түрлі саладағы білімін кәсібімен байланысты қызмет түрлерінде ұшқыр пайдалануға қабілетті кең бейінді мамандарға деген сұраныс өсуде. Мұндай мамандарды қалыптастыруда жүйелік ойлауды дамыту, объектіні оның көп жақты байланыстары мен қатынастарының бірлігінде көре білу бірінші кезекті маңызға ие болады.

Қазіргі кезеңдегі жағыдайда мамандардың кәсіби дайындығына өсіп отырған талаптарға сәйкес, қазіргі ұстаз адамның әлеуметтік тәжірибесі оқытушы индивидтің тәжірибесмен байланыстырушы буын болатын делдал ретінде болады, сонымен қатар ол индивидтің әлеуметтік тәжірибені-қызметтің белгілі бір саласындағы мәдениет болып табылатынын жалпы мәдениеттің бөлігін меңгеруінің ұйымдастырушысы және басшысы болып табылады. Тек осы тұрғыдан ғана адамның білім алуының түрлі сатыларындағы оқу-тәрбие процесінде оны нақтылау жүзеге асырылады. Осы жағыдайлардан педагогтың оқыту қызыметінің әр түрлері туындайды: бірінші-білім, ептілік, дағдылар беру; екіншісі-оқыту үрдесі кезіндегі оқушылардың, студенттердің өз бетінше дербес қызметін ынталандыру ескерілуі керек.

Ұстаздың біліктілік сипаттамасын дайындаушы мамандар педагогикалық қызметтің құрылымында сындарды ұйымдастырушылық, гностикалық, коммуникативтік, жұмылдырушылық, зерттеушілік, дамытушылық және т.б. құрамдастарды атап көрсетеді. Дене шынықтыру саласындағы педагогикалық қызметтің шарттарының бірі ретінде кәсіби шарттарының бірі ретінде кәсіби-педагогикалық даярлық құрылымында қозғалыс құрамдасының болуы атап көрсетілді. Қозғалыс ептілігі дене

шынықтыру жоғары оқу орны түлегінің педагогикалық қызыметінің онсыз толыққанды кәсіби қызмет мүмкін емес істердің негізін құрайды. Оқу бағдарламасын меңгеру барысындағы дене және қозғалыс дайындығының әсерлері, студенттерге басқа да кәсіби-педагогикалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Спорттық ұстаздың кәсіби қалыптасуы үрдісіндегі танымның сезімдік-эмприкалық құрамдасы міндетті болып табылады. Себебі кәсіби қызметтің пәнін меңгерудің осы кезеңінде «ойлар бұлшық еттер арқылы өтеді...тиімді оперативтік бейне қалыптасады» (С.В. Дмитрев) Болашақ маман дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу тудыратын сезімдер мен бейнелердің гаммасын өзі арқылы өткізеді. Оқу-жаттығу және жарыс қызметінің нәтижесінде алынған өзінің практикалық тәжірибесінсіз эмпатия, яғни бірге уайымдау, проблемманы «ішінен» көре біліу сезімі қиындайды, тіпті мүмкін болмайды, ал онсыз спорттық-ұстаздық қызмет мүмкін емес.

Түрлі көзқарастарды жинақтай келе, спорттық ұстаздың кәсіби қызметінің тиімділігін анықтайтын үш негізгі қасиетті атап көрсетуге болады, олар-осы қызметке қатысты білім, ептілік, дағдылар (біліктілік), ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттер. Олардың барлығы ұстаздың шығармашылық әлеуетін іске асыру құралы және оның өзіндік жетілуінің құралы ретінде болады.

Маманның ең жоғары кәсіби дайындығының өзі, болашақ маманның қызметіне деген жеткілікті уәждеменсіз іске аса алмайтындығы сөзсіз. Дене шынықтыру педагогикасының тұлғаны әлеуметтендіру ісіндегі маңызды міндеттердің бірі бұқаралық медиа құралдарын пайдалана отырып, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Осы мәселеге қатысты С.М. Вайцеховский жақсы жаттықтырушылар спорт жұлдыздарынан ғана емес, еңбекқор салыстырмалы сәтсіз спортшылардан да шығады деп орынды атап көрсеткен. Себебі жолы сәтті спортшы өзінің атақ-даңқына қанағаттанған және оған барлығы да жеңіл, өздігінен келгендей болады. Ол өзінің не істеп жатқаны туралы аз ойлайды.

Ол таланттарға тән түйсігіне сенеді және жетістіктерін талдау үшін еңбектенбейді. Бұрынғы «жұлдызға» жаңа спортқа келген спортшылармен толық беріліп жұмыс істеу және бастапқыда олимпиадалық масштабтағы емес міндеттерді шешуге қол жеткізу қиын, ал онсыз барлық педагогикалық қызметтегі сияқты, бапкер еңбегінде де табыс болмайтындығы белгілі. Бұндай қортындығзерттеулер нәтижесінде психологтар Г.В. Ложкин мен Е.Б. Терешина келген. Олар жоғары жетістіктер спорттындағы көп жылдарғы эмоцияналдық деңгей толықтығы, спортшылардың эмоцияналдық тозуын тудыратындығын атап көрсетеді. Спорттық қызметтің «өзіне» бағыттылығы бұрынғы спортшылардың әлеуметтік белсенділігінің төмендеуіне, нақты жағыдайды қате бағалауына әкеліп соғады.

Тиісінше, тек спорттық шеберлікті арттыру ғана дене шынықтыру жоғары оқу орындарындағы білімнің мақсаты бола алмайды. Бұдан болашақ маманның оқу-жаттығу жұмысының және табысты жарыстық қызметінің бай тәжірибесі дене шынықтыру саласында кәсіби жарамсыздығына әкеліп соғады, деген қортынды тұмайды. Сонымен қатар оқушы тарапынан да, ұстаз тарапынан да жеке уәжімдеменің болмауы кез келген басқа қызметтегі сияқты, педагогикалық қызмет процесінде тиімді болады.

Маманның жоғары кәсіптілігіне, оның дене шынықтыру мен спорт саласындағы коммуникативтік қабілеті, яғни әріптестерімен және ғалымдармен тіл табысу, соның ішінде бей ресіми жағыдайда тіл табыса білу қабілеті әсер етеді. Спорттық ұстаздың кәсіби өсуі өздігінен білімін жетілдіруге қабілеттілігімен анықталады.

Бапкер-ұстаз осы шараларды өнімді қатынас ретінде қаншалықты қолдана алады, оның коммуникативтік әлеуеті қаншалықты биік болса, оның кәсіби дайындығының деңгейі көбінесе соған байланысты болады. Айналысушылармен байланыс орната білу, араласу кезінде ауызша сөзді қолдана білу, адамдармен араласқан кезде өзінің мінез-құлқын басқара білу, яғни педагогтің коммуникативтік мүмкіндігін сипаттайтын мінездер-маңызды педагогикалық дағды ретінде ерекшеленеді.

Ал, американдықтардың 70 % -ы дене жаттығуларымен айналысудың пайдасы туралы хабардар және олардың 65%-ы дене шынықтырудың жаңа түрлері туралы ақпаратқа ие.

Дене шынықтырудың құндылықтары туралы халықтың жеткіліксіз хабардар болуы социалистік тұрғыдан кеткен елдерде халықтың күнделікті өміріне, дене шынықтыру батыс елдердегідей неғұрлым кең форматта еңгізуге кедергі жасайтын себеп болып табылады. Ресей мамандары мұндай жағыдайдың себептерінің бірнешеуінің қатарына дене шынықтырудың мүмкіншіліктерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлсіз насихаттауды және дене шынықтыру саласындағы басшылар мен мамандардың төменгі әлеуметтік белсенділігін атап көрсетеді. Мамандардың көзқарасы бойынша бұндай жағыдай бірінші кезекте олардың коммуникативтік мүмкіндіктерінің төмендегеніне байланысты.

Олар халықтың менталитетін қажетті бағытта қалыптастырудың және сонымен, дене шынықтыру мен спорт саласындағы еңбек нарығының көлемі мен құрылымына белсенді әсер етудің нақты мүмкіндігі бар екеніне сенімді. Халықтың менталитетін қажетті бағытта қалыптастырудың және тиісінше дене шынықтыру саласындағы еңбек нарығын қалыптастырудың мүмкіндіктерін ескере отырып ресейлік және қазақстандық ғалымдар көп жағыдайда «көкеге», яғни басшы қызметкерлерге үміт артады, ал батыстық барлық деңгейдегі мамандар, әр қайсысы өз орнында халықтың әлеуметтік және жеке басымдықтарына сай, сондай-ақ тиісінше салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру ісінде әлеуметтік белсенділік пен коммуникативтік қабілетін көрсете алады немесе көрсетуі тиіс деп санайды.

Қазіргі уақытта нарықтық экономикалық қатынастардың келуімен және жұмыс орындары үшін бәсекелестіктің пайда болуымен, мемлекеттік бөлудің болмауы және өздігінен жұмысқа тұру қажеттілігіне байланысты дене шынықтыру саласындағы мамандардың белсенді өмірлік ұстанымының мәселесі бұрынғыдан да маңызды болуда. Маман кәсіби қалыптасуымен жетілуі үрдісінде өзінің дамуының субъектісі ретінде болады, оның көзі болып қоршаған ортаны және өзгерту жөніндегі қызметі табылады. Әлеуметтік табыстарды талдау кезінде әдетте адамдардың екі түрін атап көрсетеді: ойлаушы түр және әрекет етуші түр. Өмірдің тәжірибесі әрекет етуші адамдардың үлкен табыстарға жететінін көрсетеді. Бұл түсінікті де, түскен оқудың мақсаты алған білімдердің жиынтығы емес, оларды өмірде қолдануға қабілетті болып табылады. Адамның ұйымдастырушылық қабілеттері, оның коммуникативтік қасиеттері тиісті деңгейде болған кезде іске асырыла алады. Маманның басқаларды-оқушыларды, олардың ата-аналарын, әкімшілікті, әулетті демеушілерді және басқаларды дене жаттығуларымен айналысудың маңыздылығы мен қажеттілігіне сендіре білу, оларды өз жағына одақтастар ретінде тарта білу қабілеті біріншіден өзіне жұмыс орынын қамтамасыз етеді, ал екіншіден өз қызметінің тиімділігін күрт арттырады. Қазіргі уақытта кез келген қызмет түріндегі табыс, оның нәтижелігі көбінесе оның қалай жарнамаланатындығында және халықтың санасына «сіндіретіндігіне» байланысты болады. Түрлі «магтар», «сәуегейлер», «экстрасенстер» және медицинадағы басқа шарлатандар қандай белсенділік көрсететіндігіне назар аударыңыздар. Олар электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметтерін өте белсенді ұсынады және халықтың санасына сіндіреді. Осындай белсенді әлеуметтік позицияның арқасында, олар халықтың негізгі көпшілігі, уағыздайтын идеялардың жалғандығын біле тұрса да, өз қабілеттерін жұмсайтын сала ұйымдастырады.

Адамзатты сауықтыру және оның өмірін ұзарту саласындағы зерттеулерінің нәтижелері үшін Нобель сыйлығын екі рет алған әлемдегі жалғыз адам Л.Полинг, кез-келген елде аурулар есебінен өмір сүретін адамдардың өте үлкен сословиесі жан-жақты көбейуде деп санайды. Олар саналы түрде ме, әлде жоқпа, алайда ауырулардың азаймауын және емдеудің өте қымбат болуын тілейді. Соңғы 100 жылда салқын тию сол күйінде қалды, бірақта оны емдеу бағасы 100 есе өскен.

Болашақ мамандардың белсенді өмірлік ұстанымын тәрбиелеу теориялық білімдер, тәжірибелік ептілік пен дағдылардың деңгейін көтеруге ғана емес, сондай-ақ мамандардың белсенді шығармашылық қызметке, өзіндік білім алумен өзіндік жетілуге қабілеттілігін неғұрлым сапалы дайындауға бағытталған міндеттерді шешумен қоса жүреді. Жаңа білімдердің қауырт жинақталу үрдесі және ұйымдастырылған білім беру үрдесінде алынған білімдердің тез ескіруі кәсіби білімде жаңа мақсаттар-студенттерді тек қана теориялық және әдістемелік білімдермен

қаруландырып қана қоймау, сондай-ақ түлектерді еңбек қызыметі процесінде өздігінен жетілуге, ақпаратты шығармашылықты қайта өңдеуге дайындығын қалыптастыруға да үйретуді талап етеді.

1.3 Өтпелі кезеңдегі экономикалық заңдар мен нарықтық экономикалық қатынастар

Экономикалық заңдар–адам қоғамы дамуының түрлі сатыларында өндіру, бөлу, айырбас және материалдық игіліктерді тұтыну сатыларында қатынастарды анықтайды. Олар қоғамның экономикалық өмірінің аса маңызды, тұрақты құбылыстары мен үрдістерінің байланысын көрсетеді. Экономикалық заңдар объективті сипатта болады, яғни адамдардың еркі мен санасынан тәуелсіз туып, әрекет етеді. Бұл заңдар белгілі бір экономикалық жағдайлармен бірге өзгеріп, дамып отрады.

Экономикалық үрдістер күрделі және сан алуан, бұлардағы тұрақтылық пен өзгермешілік тарихи тұрғыдан бір-бірімен ұштасып жатады. Осыған сәйкес бұл үрдістердің ішкі байланыстары мен тәуелсіздіктерін бейнелейтін заңдар да барынша әр түрлі және әр типтес болады.

Табиғат құбылыстары сияқты, адамзат қоғамының дамуы белгілі бір шынайы заңдарға негізделеді. Құбылыстар мен үрдістерінің мәңгіне үңіле отырып, олардың даму заңдарын ашамыз. Мұндағы бір маңызды, ескеретін жәйт, заңдар кез келген байланыс пен қатынастарды емес, тек маңызды қатынастарды ғана сипаттайды, жоарыда айтқандай заңдар адамдар санасынан туындамайды, ол объективті шындықтан туындайтын құбылыстар мен процестердің өзіне тән. Нақтылы құбылыстарға үңіле отырып заңдардың да мәнін ашуға болады. Экономикалық заңдар экономикалық процестердің, оның ішкі себеп-салдарының өзара тәелділігін сипаттайды. Олар табиғат заңдары сияқты шынайы. Солай бола тұрғанымен экономикалық заңдар табиғат заңдарынан өзгеше. өйткені, табиғат заңдары өзіне тән құбылыстарынан туындап, көрініс алса, экономикалық заңдар адамдардың өндірістік экономикалық іс-қимылымен байланысты туындайды. Мысалы, әлемдік тартылыс заңы адамдар мен адамзат қоғамы дамуынан бұрын да орын алып әрекет еткені белгілі.

Экономикалық заңдардың табиғат заңдарынан ерекшелігі ұзақ мерзімді емес. Олардың көпшілігі белгілі біртарихи кезеңде әрекет етеді де, кейін жаңа экономикалық заңдарға орын береді. Экономикалық заңдар мәңгі емес, олар тарихи сипатта белгілі бір кезеңде туып және өзгеріп, немесе жойылып кетіп отырады. әрдайым ескеретін бір жәйт – ескі экономикалық заңдар адамдар еркімен жойылып кетпейді, тек жаңа экономикалық жағдайлардың туындауымен өз күшін жояды. Яғни адамдар өз еркімен, шешімімен бір экономикалық заңды жоққа шығарып, оның орына жаңа заңдарды жасай алмайды. Экономикалық заңдардың күшінің жойылуы адамдар санасынан тәуелсіз қоғамдағы объективті экономикалық хал-ахуалдың, үрдістердің өзгерісімен тікелей байланысты.

Экономикалық зерттеудің әдістері – ғылыми абстракция. Ол басқа да гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық ғылымдарда қолданылады. Ғылыми абстракция дегеніміз–зерттеу пәнін жеке, кездейоқ, қысқа мерзімді, дара құбылыстардан біздің түсінігімізді оқшаулап, оның тұрақты, әрдайым қайталанатын мәнін, маңызын ашу. Осылай болған жағдайда ғана нысанды мүмкіндігінше жан-жақты қамтуға, оның заңдарын белгілеуге, оларға материалдық нысан беруге болады. Мысалы, баға қозғалысын алсақ, бір қарағанда ол түсініксіз, шегі жоқ, шым-шытырық процесс тәрізді, бірақ та баға динамикасын (өрісін) нақтылы факторлар: сұраныс пен ұсыныс, сондай-ақ өндіріс және тасымал шығындары т.б. белгілейді.

Абстракция әдісінің де шегі бар. Оны зерттеушінің дарындылығы белгілейді. Абстракциялау үрдісінде категориялар, ұғымдар тұжырымдалады, олар құбылыстар мен үрдістердің жеке дара жинақталған жағын білдіреді. Тану үрдісіндегі қозғалыс белгілі заңдылықтар тұжырымдалғанда жалпыдан жекеге, абстракциядан нақтылыққа қарай жүреді.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ғылымда, оның ішінде экономикалық ілімде жеке үрдістерді білу ғана жеткіліксіз. Ол бастапқы қадам. Нақтылы өміріде бір-бірінен алшақ заттар мен құбылыстар жоқ.

Бәрі де өзара байланысты, ғылымның іздегені шындық. Ғылыми жүйенің қалыптасуы индукция мен дедукция деген методологиялық әдістермен жүзеге асады. Индукция және оқиға, құбылыстардан логика арқыл жалпы қағидалар шығады. Дедукцияда керісінше, жалпы қағидалар негізінде экономикалық нысандардың, үрдістердің кейбір жеке алынған ерекшеліктері сипатталады. Тарихи және логикалық танудың бірлігі экономикалық ғылымда орын алады. әрбір экономикалық жүйенің логикалық байланысы бар.

Біріншіден, олар бір бірімен динамикалық өзара әсер ететін қатынаста болады. Бүгін негізді болған зат, ертеңінде қызмет рөлін атқаруы мүмкін. Екіншіден, жүйенің әрбір бөлшегі тарихи даму үрдісінде болады. Сондықтан, тарихи және логикалық бірлікті сақтау мәселесінің маңызы зор. Мұның өзі жүйенің және элементтерінің пайда болуын білу үшін ғана емес, әсіресе оның үрдісін (тенденциясын), сатыларын анықтауға қажет.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық қызмет негіздері

2.1. Қоғамдық өндіріс жүйесіндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі мен орны.

Қоғамдық өндіріс жүйесіндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі мен орнын, осы саланың мамандары өздерінің кәсіби міндеттерін қазіргі заман талабына сай атқару барысында жан-жақты дәлелдеуде. Дене шынықтыру және спортпен айналысудың нәтижесінде қоғамдық өндіріске дені саулығы мықты жетілген мамандар дайындау ең маңызды мемлекеттік іс екендігі оның рөлі мен орнын айқындап келеді.

Дене шынықтыру және спорт көп қырлы және сан түрлі қызметтер көрсету жөніндегі қоғамдық пайдалы қызмет болып табылады. Сонымен қатар халықтың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын өндіріс пен түрлі қызыметтер көрсету, осы көп қырлы қызметті материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және кадрлық сипаттағы бірқатар шарттармен қамтамасыз етуді көздейді. Бұл республикада дене шынықтыру және спорттық ғимараттардың дамыған желісі болуы, оқу-жаттығу сабақтары, спорттық жарыстар мен көріністік іс-шаралар кезінде келушілерге тұрақты қызмет көрсету ұйымдастырылуы тиіс дегенді білдіреді. Сондай-ақ кадрларды кәсіби дайындау мен ғылыми-зерттеу жұмысын тұрақты жүргізу жүйесі жолға қойылуы тиіс. Елде спорттық тауарларды шығару, оларды сақтау және халыққа сатудың реттеп жүргізілуі, спорттық құралдар мен жабдықтарды жөндеу мен жалға беру жолға қойылуы тиіс.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы экономикалық қатынастарды дамытудың тиімді жолдары іздестірілу үстінде. Қызметтің мұндай түрлерін республика экономикасының түрлі салаларына тиесілігімен де, сондай-ақ өзінің негізгі қызметінің бағыттылығы бойынша да бір-бірінен ерекшеленетін кәсіпорындар мен ұйымдар қамтамасыз етеді. Алайда мұндай кәсіпорындар мен ұйымдар республикада біртұтас шаруашылық кешені ретінде әлі қалыптасқан жоқ. Дегенмен, кейбір кәсіпорындар спорттық құрал-жабдықтардың жекелеген кейбір түрлерін қолданысқа шығара бастады, бірақ республикада оларды шығару үшін материалдық-техникалық жағдайлар (мақта, жүн, металл және т.б.) бар болғанымен спорттық құрал-жабдықтардың үлкен бөлігін, республикаға әлі де алыс жақын шент елдерден әкелінетіндігі мойындалу керек.

Осылайша, дене шынықтыру және спорт халық шаруашылығының бір саласы ретінде адамның жан-жақты денелік жетілуін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың жүйесінен тұрады [139]. Экономикалық жағын ескере отырып, дене шынықтыру мен спорт тұжырымдарына сүйене дене жаттығуларымен айналысу, тиісті білімдер мен дағдылануларды меңгеру, сондай-ақ спорттық іс-шараларға көрермен ретінде қатысу артқылы, адамның дене қасиеттерін

және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Халық шаруашылығының салалық құрылымына дене шынықтыру мен спорт кең мағанада келесі бөліктерден енетін әлеуметтік-экономикалық қызмет саласы ретінде анықталады:

- дене шынықтыру және спортпен айналысу, спорттық-көріністік іс-шараларға бару үрдісі аясында халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- дене шынықтыру және спорт қызметтеріне мамандар дайындау;
- спорттық ғимараттардың желісін дамыту;
- спорттық-саяхаттық бағыттағы тауарларды өндіру, сақтау және сату;
- спорттық құрал-жабдықтарды жөндеу мен жалға беру және т.б.;

2. 2. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық қатынастар

Халық шаруашылығының әрбір саласын тұтас алғанда нақты елге тән экономикалық қатынастар көрінеді. Оларды талдау үшін әдіснамалық негіз жалпы экономикалық теория – экономика болып табылады. Бұдан басқа нақты саланы зерттейтін бірқатар экономикалық пәндер бар, мысалы көлік экономикасы, құрылыс экономикасы, денсаулық сақтау экономикасы және т.б. Кез келген елдің халық шаруашылығы үшін жалпы проблема болып адамдардың шексіз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын шектеулі ресурстардың тиімділігін арттыру проблемасы табылады. **«Дене шынықтыру және спорт» саласына қатысты ол келесі мәселелерден көрініс табады:**

- дене шынықтыру – спорт саласы үшін оның өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қандай ұйымдастырушылық-құқықтық нысан неғұрлым тиімді;
- дене шынықтыру – спорт ұйымының жұмыс істеуі және дамуы үшін қарыз және айлық қаржы ресурстарын тартудың неғұрлым оңтайлы тәсілдері қандай;
- шектеулі қаражат жағдайында дене шынықтыру – спорт ғимараттарының желісін және олардың әрқайсысын жеке-жеке қалай неғұрлым тиімді пайдалануға болады;
- спорттық жарыстарға билеттерді, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру топтарында және т.б. айналысу үшін абонементтерді қалай неғұрлым көп сатуға болатындығын іздестіру.

Осылайша, дене шынықтыру мен спорт экономикасының мәні болып өндірілетін қызметтер нарығын тұрақты кеңейту, олардың ассортименті мен сапасын тұтынушылар сұраныстарына басымдырақ жақындату үшін, ресурстарды неғұрлым ұтымды тәсілдермен таңдау мәселесі шығады. Бұл мәселелерді шешу таза экономикалық іс-шараларынан басқа өндірісті ұйымдастыру үлгісін әзірлеу, қызметкерлерді әлеуметтік-психологиялық

ынталандыруды, қызметтер мен тауарларды тұтынушыларға жылжыту үшін маркетингтік құралдар жүйесін қолдануды қарастырады.

Дене шынықтыру мен спорттың салалық экономика пәнінде экономикалық теорияның екі негізгі бөлімдерінің – микроэкономика мен макроэкономиканың өзара байланысы көрінеді. Экономикалық әдебиеттен микроэкономиканың шағын масштабты экономикалық үрдістерді, субъектілерді, құбылыстарды, яғни кәсіпорындарды, фирмаларды, кәсіпкерлерді, олардың шаруашылық қызметін және де олардың арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды зерттеумен тығыз байланысты екендігі белгілі. Макроэкономиканың жалпы бағыты экономиканы тұтас ретінде, сондай-ақ оның маңызды секторлары – мемлекеттік секторды, бизнесті, үй шаруашылығын, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, қаржы мен сақтандыру нарығын, тұтынушылар нарығын және т.б. зерттейді.

Нақты дене шынықтыру – спорттық ұйым үшін микродеңгейде оңтайлы шешімдерді таңдау тек оның мүмкіндіктеріне ғана емес, сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштеріне де тәуелді. Бұл олардың өніміне сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторларды жан-жақты көздеуді талап етеді. Мәселен, сұранысты болжай отырып, отбасында бос уақытты секциялар мен клубтарда өткізу, саяхатпен айналысу, көріністі спорттық іс-шараларға бару ниеті тұтыну иерархиясында қандай орын алатындығын басшылыққа алу қажет. Жалпы алғанда бұны талдаудың микроэкономикалық деңгейі көрсетеді. Алайда, сонымен қатар нарықта қалыптасып отырған бағалар деңгейі, номиналды кірістер, халықтың белгілі бір санаттары үшін жеңілдіктер жүйесі – осының барлығы жалпыэкономикалық немесе макроэкономикалық көрсеткіштер болып табылады және микроэкономикалық үрдістерді кему жағынан да, сол сияқты ұлғаю жағына да өзгерту мүмкін. Ұсыныспен де жағдай осыған ұқсас болып табылады. Өндірістің масштабына сұраныс пен капиталдың әсерінен басқа оған салық сияқты, кредиттің бағасы, инфляция деңгейі және т.б. сияқты макроэкономикалық себептер оң да, сол сияқты теріс те әсер етуі мүмкін.

Сондықтан, қазіргі уақытта, «дене шынықтыру және спорт» саласына капитал тарту мақсатында мемлекеттің және оның жергілікті жерлердегі органдарының салық өнімдері жекеменшік өндірушілерімен өзара әрекеттестігінің нысандарын іздеу мейлінше маңызды болып табылады. Бизнес үшін рентабельді және өзін өзі тез ақтайтын шығындар тартымды болады. «Дене шынықтыру және спорт» саласы қызметтерінің қазіргі заманға нарығы олар үшін нарықтық бағалар қол жетерлік болмайтын дене кемшіліктері бар, қарт адамдарды, балаларды қолдаудың арнайы нысандарына деген сұранысты ұсынады. Салықтарда, кредит алуда, өндіріс шығындарын жартылай өтемақы төлеудің басқа тәсілдеріндегі жеңілдіктер жүйесін дамыту, нарықтың осы секторында өндірушілердің мүдделеріне нұқсан келтірмей жеке меншік кәсіпкерлікті кеңейтуге ықпал етер еді. Бұл

ретте осы саланың қызметтеріне баға халықтың қорғалмаған бөлігі үшін қол жетерлік болар еді.

Таяу шетелдерде, соның ішінде Ресейде жүргізілген «дене шынықтыру және спорт» саласындағы экономикалық зерттеулер, бағалар мен болжамдар жалпыэкономикалық теорияның әдістемелік негізі ретінде сүйенеді, басқару, құқықтану, социология және басқа ғылымдардың деректері кеңінен пайдаланылады.

Батыстың дамыған елдерінде дене шынықтыру мен спорт экономикасы нарықтық қатынастар жағдайындағы базалық тұжырымдамалық ережелері баяғыда әзірленген, сондай-ақ түрлі эмприкалық әлеуметтік-экономикалық және экономикалық зерттеулер жүргізілген, олардың жекелеген нәтижелері осы оқулықтың бөлімдерінде ұсынылатын болады.

Францияның спорт экономикасы саласындағы жетекші мамандарының бірі W Andreef дене шынықтыру мен спорт экономикасының тұжырымдамасын келесі түрде ұсынады:

1. Дене шынықтыру мен спорттың әлемдік экономикасының дамуы кезең-кезеңмен жүреді. Бірінші кезең экономика мен спорттың эпизоттық өзара әрекеттестігімен сипатталады. Бұл кезеңнің басы бірінші Олимпиадалық ойындарға жатады. Алайда нақты «туған күні» деп кәсіби спорттың пайда болуын санау керек. Алайда бұл кезеңде экономика мен спорттың өзара әрекеттестігі эмприкалық та, теориялық та деңгейде жүргізілген жоқ.

2. Экономика мен дене шынықтыру және спорттың дамуы арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдау 3 негізгі мәселелер айналасында құрылады : спорт өнеркәсібі мен дене шынықтыру – спорттық қызметтердің біртұтас нарығында **спортты қаржыландыру, спортты экономикалық басқару және өзара әрекеттестіктің экономикалық рәсімдерін құру.**

Спортты қаржыландыру кезінде мемлекеттік және муниципалдық бюджеттердің дене шынықтыру мен спортты дамытуға бөлетін қаражаттарын, спорттық лотореялардың, спортты дамытудың ұлттық және өзге де қорларының , демеушілердің қызметтерін , спорттық іс-шаралардан түсетін кірістерді және т.б. мәселерді талдау қажет .

Спортты экономикалық басқару дене шынықтыру – спорттық ұйымдардың кірістерін неғұрлым тиімді пайдаланумен, бухгалтерлік есепті жүргізумен, салық жүйесіне қойылатын талаптарды, дене шынықтыру – спорттық ұйымдарда еріктілік негізінде жұмыс істейтін тұлғалардың үлестерін ұлғайту жолымен спорттық іс-шараларды өткізуге арналған оңтайлы шығыстар ережесін әзірлеумен , кәсіби спортшыларға төленетін сыйақыларды , олардың еңбек жағдайларын және т.б . талдаумен байланысты

Спорт өнеркәсібі мен дене шынықтыру-спорттық қызметтердің біртұтас нарығындағы өзара әрекеттестік дене шынықтыру мен спорттың өнімдерін тұтынумен, нарықта мамандандырылған да, мамандандырылмаған да өндіріс қызмет көрсететін спорттық тауарлар мен қызметтерге сұраныс

жасаумен байланысты экономикалық қызметтің кең спекторынан тұрады. Дене шынықтыру мен спортпен айналысу дене шынықтыру-спортқа арналған ғимараттардың желісін құруды талап етеді және олайша спорттық нарыққа құрылыс саласы тартылады. Спорттық күйді ұстап тұру, жарақат алған жағдайда емдеу мәселелері, спорттық нарыққа азық-түлік, фармацевтикалық т.б. өнеркәсіптерді енгізуді талап етеді. Жарыстық спорт спорттық көріністер нарығын тудырады және оны көрсету мен сипаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары тартылады, олар өз кезегінде спорттық нарықта демеушілердің жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды.

3. Спорт экономикасы 3 құрамдас – **макроэкономика, мезоэкономика және микроэкономика** түрінде ұсынылуы мүмкін.

Макроэкономика мәселесі дене шынықтыру мен спорт экономикасының ұлттық экономикадағы орнын бағалаумен, мемлекеттің спорт саясатында пайдаланылатын экономикалық құралдарды зерттеумен, ірі спорттық іс-шаралардың (Олимпиадалық ойындар, әртүрлі спорт түрлері бойынша әлем чемпионаттары және т.б.) экономикасымен, дене шынықтыру-спорттық ғимараттарды салумен, қаржы саласы мен спорттың арасындағы алуан қырлы байланыстарды зерттеумен және т.б. тығыз байланысты.

Мезоэкономика әрбір спорт түрінің жұмыс істеуін, түрлі өңірлік және жергілікті нарықтарды, сондай-ақ спорт тауарларын өндіру жөніндегі өнеркәсіпті жан-жақты экономикалық талдау негізінде спорттың әр алуан түрлерінің біркелкі емес дамуын зерттеумен айналысады.

Микроэкономика муниципалитеттердің дене шынықтыру және спорт саласындағы экономикалық қызметін, спортшылардың экономикалық мәртебесін талдауды қамтиды.

4. Қазіргі уақытта, әсіресе тәуелсіз мемлекеттер елдерінің (ТМД) пайда болуына байланысты әлемде 3 негізгі – тұжырымдамалық, сапалық және сандық аспектілерде көрінетін спортэкономикасының белсенді ұлттандыру үрдісі жүріп жатыр.

Ұлттандырудың тұжырымдамалық қыры дене шынықтыру мен спорт экономикасы қосалқы болса да, экономика ғылымының динамикалы дамып отырған саласы болып табылады. Дене шынықтыру мен спорт экономикасы оқу пәні ретінде әлемдегі көптеген елдердің кәсіби жоғарғы оқу орындарының бағдарламаларына енеді.

Дене шынықтыру мен спорт экономикасының ұлттандыруының сапалық қыры халық шаруашылығы экономикасының осы бөлімінің динамикалы дамуымен, олардың әлемнің түрлі елдеріндегі дағдарыстық құбылыстарды табысты жеңуімен және басқа да жағдайлармен байланысты. Бұл үрдістің маңызды көріністері капиталдың ұлттық болып табылуы, соның нәтижесінде спортқа тікелей қатысы жоқ, алайда ірі халықаралық жарыстарға демеушілік жасаушы фирмалар санының тұрақты өсуі байқалады. Спорттық тауарлар нарығының одан әрі интернационалдануы, соның ішінде оларды өндіру жөніндегі мультиұлттық фирмалардың (Adidas,

Nike, Reebok, Rossignol және басқалары) құрылуы, басқа елдердің командаларында өнер көрсететін спортшылардың интернационалдануы жүруде.

2.3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы да қазіргі кезеңнің өмір қажеттілігінен туындады.

Экономикалық әдебиетте халық шаруашылығы саласының бірқатар анықтамалары ретінде экономикалық ұғым бар, олардың ішінде неғұрлым кең тарағанын келтіреміз. Осы сала шығаратын өнімдерінің, өндіріс технологиясының, негізгі қорларының, жұмыс істеушілерінің кәсіби дағдыларының және қанағаттандыратын қажеттіліктерінің ортақтығымен сипатталатын кәсіпорындармен ұйымдардың жиынтығы.

Келтірілген анықтама ең алдымен өндірістік салаларға қатысты болғанына қарамастан оны халық шаруашылығы кез келген саласына ауыстыруға болады, себебі онда негізіне жататын басты, түпкілікті белгілері, бір жағынан салаға түрлі шаруашылық бірлестіктердің бірігуі, ал екінші жағынан-бір саланың екіншісінен ерекшелігі жатады:

- қоғамдық бөлу жүйесінде өзіндік функцияларды орындайтын кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлері еңбегінің ерекшеліктері;
- пайдаланылатын еңбек құралдарының ерекшеліктері;
- еңбек нәтижесінің өзіндік нысаны.

Аталған белгілердің жиынтығындағы қоғамдық қажеттік қызметтер түрлерінің пайда болуының және оларды салаларға бөлудің логикасы келесідей көрсетеді: қандай-да бір өнімге (тауарға, қызметке) қажеттіліктің дамуы өндірістің мамандандырылуын және жаңаларының, алайда сол бейінді бағыттағы қызметтер түрлерінің тармақталып шығуы есебінен, оның тұрақты тереңдеуін тудырады, ал ол уақыт өте келе басқарудың тиісті нысанын объективті талап етеді. Маманданудың тұрақты тереңдеуіне дәлел болып әлемнің түрлі елдерінде және Қазақстанда байқалып отырған дене шынықтыру мен спорттың көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге әсер етуінің кеңеюі қызмет ете алады. Мұның өзі кезегінде саладағы өндірістік қызметтің өзінің өсіп отырған масштабын (шаруашылық жүргізуші субъектілер саны, жұмыс істеушілер саны, тұтынатын ресурстар көлемі және т.б.) заңды, ол басқару тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстандағы «дене шынықтыру және спорт» саласының ортақ белгілері мынадай. Біріншіден, өндірістің өнімі болып сауықтыру, білім беру, көріністік және басқа да қызметтер талбылады, олар қазіргі уақытта түрлі жастағы, қызығушылықтар мен материалдық мүмкіндіктердегі адамдардың дене шынықтыру және спортқа деген түрлі қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Екіншіден, өндірістік үрдісті кәсіби қамтамасыз етуге орта, арнайы және жоғары оқу орындары ұсынған кадрларды дайындаудың көп деңгейлі жүйесімен, ЖОО –дан кейінгі біліммен және біліктілігін көтерудің сан алуан

нысандарымен қол жеткізіледі. Үшіншіден, саланың материалдық-техникалық базасы болып спорттық ғимараттар, олардың жарақтандырылуы мен мүкәммалы, яғни қызыметтің осы түрлері үшін тән өндірістік емес тағайындаудағы негізгі және айналым құралдары табылады. Төртіншіден, бюджеттік қаржыландыру мемлекеттік шығыстардың дербес бабына сәйкес жүзеге асырылады. Бесіншіден, саланы басқаруды дене шынықтыру және спортты дамыту стратегиясын әзірлейтін және оны жүзеге асыру үшін жауапты болатын республикалық және жергілікті деңгейдегі атқарушы билік органдары жүзеге асырады.

Алайда, республикада жұмыс істейтін «дене шынықтыру және спорт» саласының кәсіпорындары мен ұйымдары салалық министрліктер мен комитеттердің шектерімен сәйкес келмейді. Қазіргі уақытқа осы саланы басқаратын бірінші мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі болып табылады. Біздің елдің спортшылары Афинадағы (Грекия) Олимпиадалық ойындардағы сәтсіз өнер көрсетуінен кейін бұл мемлекеттік орган таратылған болатын. өзі әзір өмір сүріп отырған материалдық базасы жоқ туризмнің ішкі саласы индустрия және сауда министрлігінің бағынысына, ал «спорт» саласы Мәдениет және спорт министрлігінің құрамына жаңа спорт жөніндегі спорт комитеті ретінде берілген болатын.

Спорт пен дене шынықтырудың әскери қолданбалы түрі Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің құрамында, ал, дене тәрбиесі білімі Білім және ғылым министрінің құрамында орналасқан.

Дене шынықтыру және спорттың халық шаруашылығының салалары ретінде оны нақты жұмыс істеуі оның «халық шаруашылығының салалары» жіктегішіндегі ресми көрінісіне сәйкес келмейді. Біз бұрын атап өткендей (дене шынықтыру және спорт және туризм) салаларының жекелеген бөліктері көптеген министрліктердің иелегінде болды. Бұған барлық негіздер бар. Біріншіден, туризм республикада спорт, көрініс және демалыс ретінде, қызметтің жаңа түрінде әлі өзінің дамуын алған жоқ. әлі де басқа туристік маршруттар анықталған жоқ, оның қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін материалдық – техникалық базасы салынған жоқ және жабдықтар жеткіліксіз және т.б. Сондықтанда оны қазіргі жағдайды түзету үшін оны жетекші министрлікке берген. Екіншіден, спорт әлі де халық үшін көрініске айналған жоқ. Футбол мен хоккейде әлемдік деңгейге танымал шеберлер жоқ. «Ортаңқол» футбол және хоккей командаларының ойындары көрермендердің қызығушылығын тудырмайды, сондықтан келушілер саны аз. XX ғасырды Қазақстан экономиканы түбегейлі қайта құруға ғана емес, сондай-ақ, адами әлеуеттің күрт төмендеуіне алып келген түбегейлі сипаттағы оқиғалармен аяқтады. Өлімнің көрсеткішінің жоғарлығы және бала туудың төмендігі, жалпы және кәсіби аурулар бүгінгі күні елімізге депопуляция қатерін – мемлекет үшін ойлап табуға болатын ең қорқынышты әлеуметтік қауіп төндіруде. Мұндай қауіп біздің Отанымызға XX ғасырдың

жиырмасыншы жылдарының соңында және отызыншы жылдардың басында төнген болатын.

Өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап және қазіргі уақытқа дейін республиканың спорттық аренасынан оның әлеуетінің 75-80% жоғалып кетті немесе жұмысын тоқтатты. 300-ге жуық Балалармен жасөспірімдердің спорттық мектептері (БЖСМ) және олимпиадалық резерв мектептері жабылды, тек Алматы қаласының өзінде ғана 1997 жылы қала әкімінің шешімімен 7 балалар және жасөспірімдер мектебі және 5 дене шынықтыру мен спорттық балалар мен жасөспірімдер мектебі жабылды. Балалардың спорт мектептеріндегі жағдай Қазақстанның басқа облыстарында да осыған ұқсас. Республиканың көптеген Жоғарғы оқу орындарында оқу кезеңінде дене шынықтыру сабақтарын 450 сағат көлемінде міндетті түрде өткізуді қарастыратын оқу бағдарламаларының талаптарына қарамастан дене шынықтыру сабақтары тек бірінші, екінші курстарда ғана өткізіліп келді.

Үлкен өкінішке орай Республикада бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырумен байланысты. Көптеген мәселелерді шешу басқармалар мен комитеттердің дәрменсіз басшыларының іс-қимылдарының салдарынан бөгелді. Мәселен, Қазақстан Республикасы халқының дене дайындығының Президенттік сынағалар туралы ереже мен жалпы білім беретін мектептерден бастап жоғары оқу орындарын қоса алғандағы барлық үлгідегі оқу орындарында дене шынықтыру жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру дене шынықтыру – сауықтыру жұмысын оқу орындарының ұжымдарында тікелей жүргізу, мұғалімнің сыныптан тыс жұмыс жүргізгені үшін еңбегіне ақы төлеу нысандарын жетілдіруді талап етеді. Дарын жетілдіруді талап етеді. Алайда, өткен кезеңде де бүгін де бұл мәселелер әлі күнге дейін шешілген жоқ, ал осы іс жағдайы тек нашар жағына ғана өзгеруде.

Спорттық қоғамдық бірлестіктер орны толмас зиян шекті. Бір кездегі әйгілі «Спартак», «Қайрат», «Связист», «Авиатор», «Дорожник» сияқты спорттық қоғамдар қайта құру кезеңінің экономикалық дағдарысы мен бұзушылық іс-әрекетіне төтеп бере алмады. Спорттық базалар негізінен кәсіпкерлердің қолдарына өтті және олардың коммерциялық және шаруашылық қажеттіліктері үшін пайдаланылды, ал спорттық және балалар алаңқайларының, алаңдарының, мұз айдындарының, корттарының орындарына автомашиналарға арналған тұрақтар, гараждар, қоймалық жайлар, жанар-жағар май құю станциялары және т.б. жабдықталды.

Еліміздің болашағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы өте алаңдатарлық, яғни, 3-7 аралығындағы балалардың 60%-нан астамында денсаулық жағдайының ауытқуы байқалады, әскерге шақырылу жасындағы жасөспірімдердің 45%-на жуығы әскер қатарында қызмет етуге кедергі келтіретін аурулармен ауырады. Ал халықтың ересек бөлігін қанша ауру

күтіп тұрғанын ойласақ онда санаға қайғылы сурет-ауру халықтың жарқын болашағы болмайтыны келеді.

Әсіресе, жартысының созылмалы ауруы бар өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайы айрықша алаңдатушылық тудырады. Мәселен, мектеп оқушылары арасында гиподинамияның тарауы 80%-ға дейін жеткен. Дәрігерлер соңғы 40 жылда бірінші рет әскер жасына дейінгі жасөспірімдерде гипотрофия мәселесімен кездесіп отыр.

Осы қалыптасқан жағыдайлар Қазақстан ұлтына елеулі қауіп төндіреді. Қайта құру мен реформа жылдарында республика азаматтары ұзаққа созылған психиоэмоциональдық стресс жағдайында болды, ол репрессияның, суицидтің, әлеуметке қарсы жарылыстардың, қылмыстың, маскүнемдіктің, темекі шегушіліктің, нашақорлықтың өсуіне әкеліп соқтырды. Мәселен, соңғы 10 жылда нашақорлықпен және таксикоманиямен ауыратындар саны 8 есеге өсті және 425 мыңнан асты. Ал сараптамалық зерттеулер нәтижелері бойынша – олар 1,5 миллионнан асады. Әрбір үшінші нашақор – жасөспірім. Өткен жылы психикалық ауытқушылықтарға байланысты әскерге шақырылудан босатылғандардың саны 130 мың, ал нашақорлықпен байланыстылар 16 мыңнан астамды құрады.

Бұл қорқынышты фактілердің артында жасөспірімдер мен жастардың өз қайғылары, ата-аналарының көз жастары тұр. Осының нәтижесінде қаңғыбастардың, болашақ және қазіргі қылмыскерлердің, мүгедектердің саны өсуде. Бұл фактілер Қазақстандағы адам ресурстарының жағдайымен дағдарыстық ахуалдың пісіп жетілгенін білдіреді, оның дамуына елдегі кедейшіліктің, әлеуметтік қамтылмаудың әлде биік деңгейі, еңбекпен қамтудың проблемалары, денсаулық қорғаудағы жалпы қанағаттанарлықсыз жағдай әсер етеді. Адами әулеттің денелік құрамдасы бойынша Қазақстан алдыңғы қатарлы елдер қатап тобынан қалып қана қоймады, ол керісінше әлі де қоғам дамуының осының алдындағы кезеңінде орналасқан.

Әлемдік тәжірибеде депрессиядан шығын аз шаралармен және адамның өзінің жаңа өмірлік уәждемелерге қосылуы мен шығуының мүмкін екендігін көрсетеді. Адамның салауатты өмір салтын, оның қиындықтарға бейімдеушіліктерін, оптимизмін, өзіне, өз еліне сенімін қалыптастыратын тиімді шараларының бірі **дене шынықтыру және спорт** болып табылады. Себебі адамның табиғаты сана сезімінің оянуымен ғана емес, сондай-ақ өзінің әлеуметтік функцияларын қалыптастыру үшін қозғалыс белсенділігін тұрақты талап ететін оның ағзасындағы морфологиялық өзгерістермен де құралған. Дене шынықтыру мен спортқа ондаған жылдар бойы тұрлаусыз және өзінен өзі пайда болатын зат ретінде қарады. Сондықтан оған қаражат, медициналық емдеу мен дәрі-дәрмектік қамтамасыз етуге бұрынғыға қарағанда ондаған есе кем бөлінді және әлі де солай бөлінуде.

Сондықтан, бізде денсаулық медицинасы қалай болса да осы күнге дейін кенже дамуда. Бізде тек аурулардың медицинасы болған және әзірше солай қалып отыр. Ол фармацевтикалық жылпостармен бірге гүлденуде.

Олар үшін аурулар неғұрлым көп болса, дәрі-дәрмектер соғұрлым көп өтеді, яғни пайда да көп болады. Қазіргі уақытта дене шынықтыру мен спорт қызметкері құнының көп есе өсуіне байланысты, ол негізінен байлардың ғана қолы жетерліктей және миллиондаған қарапайым адамдардың қолы жетпеске айналуда. Дене шынықтыру мен спорт қызметімен Қазақстан азаматтарының 8-10 %-ы айналысуда, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 40-60%-ды құрайды. Қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың 5%-дан азының спортпен спорт мектептерінде айналысуға мүмкіндігі бар [140]. Соңғы он жылда мектептер, орта және жоғарғы оқу орындарының жандарында, шағын аудандарда және ТПК жанында жұмыс істеген мыңдаған спорт клубтары мен секциялары жабылды. Дене шынықтыру және сауықтыру спорттық құрылыстар желісі 20%-ға қысқарды. Осы құрылыстардың иелерінің көпшілігі экономикалық тиімсіздіктерді сылтауратып, оларды күтіп – ұстаудан бас тартуда, оларды сатуда, басқа меншік иелеріне беруде немесе міндетіне сай емес бағытта пайдалануда. Кәсіподақтар да өздерінің балалар мен жасөспірімдер мектептерін қаржыландыруды тоқтатты. Нәтижесінде спорттан аластатылған мыңдаған ұл-қыздар, әсіресе жағдайы төмен отбасынан шыққандар, көшеге, подъездерге, қуыс-қалтарыстарға, вокзалдарға торуылдап кетті. Дене шынықтырумен айналысу есебінен салауатты өмір салтын қалыптастыру бала жастан отбасында және мектеп жасына дейінгі мекемелерде жүруі тиіс.

Сондықтан, бала тәрбиелеудегі қалыптасқан жағдайды өзгерту өте маңызды. Бұл проблемаға ғылыми және ұйымдастырушылық - әдістемелік көзқарасты қайта қарау, отбасында және білім берудің мектеп жасына дейінгі жүйесінде дене шынықтыруды кеңінен насихаттауға кірісу қажет. Күн сайын теледидар экрандарынан, радиодан, газеттер мен журналдардан салауатты өмір салты насихатталуы тиіс.

Қоғам ата-аналардың бала тәрбиелеудегі рөлін тек ақыл-ой ғана емес, сондай-ақ денелік дамуымен де бағалауы тиіс. Жергілікті атқарушы органдар бұл маңызды мәселеден шет қалмағаны жөн, себебі ден сау балалар – салауатты ұлт болашағы. Бүгінгі күні республика «Жергілікті өзін өзі басқару туралы» заңды қабылдауға дайындалуда, онда жергілікті билік органдарының құқықтары едәуір кеңейетін болады. Сондықтан олар экономикалық реформа жылдарында қысқартылған балалар аула клубтарын қалпына келтіруге, балалардың спорттық мерекелерінің санын ұлғайтуға, адамдардың күнделікті тұрмасына, халықтың қозғалысы көп ойындарды және т.б. енгізуге араласуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі мекемелердің азынымен және балаларды баламалы үйде тәрбиелеудің ұлғаюына байланысты біз республикада ата-аналарға арналған дене шынықтыру жөніндегі әдістемелік әдебиетті шығаруды ұйымдастыруды қажет деп санаймыз. Бұл әдебиеттер баланың дене шынықтыруға қызығушылығын тудырады, мінездің, еріктің және тәртіпті оң ерекшеліктерін қалыптастыруға әсер етуі тиіс. Бұдан басқа әдебиеттің мазмұны жастық

дамудың алдыңғы кезеңінде алған негізгі өмірлік маңызды қозғалыс әдістерін, дағдылардың қорын бекіту мен кеңейтуге, қол жетерлік алғашқы дене шынықтыру білімімен қарулануына ықпал етуі тиіс.

Мұндай әдебиетті пайдаланудың нәтижесі баланың осы жасында игеруіне

Республикада халық арасындағы дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары әлі де толық қанды қалыптаспаған. Халықта денсаулығын нығайту және кәсіби жұмысқа қабілеттіліктің әртүрлі түрлерін арттыру үшін дене жаттығуларымен жүйелі айналысуға деген қажеттілік қалыптаспаған. әлі де бұқаралық спорт сияқты жалпы халықтық және ұлттық спорт түрлері дамытылмайды. Халықты бұқаралық сауықтыру жұмыстарының бірі – дене шынықтыру сауықтыру құралдары, емдік дене шынықтыру, шынығу қолданбайды деуге болады. Келесі құрылымдарда көлікте, құрылыста, ТЖМ-да, Ішкі істер министрлігінде, Қорғаныс министрлігінде және т.б. «Еңбек физиологиясы» және «Дене шынықтыру», «Мамандардың қолданбалы кәсіби дене дайындығы» бағыттарының ғылыми негіздемесі жоқ. Сондықтан аурулардың салқын тию, тұмау және т.б. түрлерінің пайызы ұлғаюда, денсаулықтағы кәсіби ауытқулар мен өндірістік жарақаттанушылықтың ппайызы өте жоғары.

Республикада дене шынықтыру мен спорттың ғылыми зерттеулерінің толық қанды базасының болмауы осы маңызды саланың одан әрі дамуын тежеуде. Тіпті дене шынықтыру мен спорттың көлемдік көрсеткіштерін анықтау үшін қызмет ететін әлеуметтік нормативтер мен нормаларды біз әлі де Ресей Федерациясынан аламыз.

1 кесте. Дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-нормативтер мен нормаларындағы көрсеткіштері.

Саланың әлеуметтік нормативтері мен қалпы	Өлшем бірлігі	Сандық шама
Спорт залдары	10мың адамға мың шаршы метр.	3,5
Тегіс жердегі спорт ғимараттары	10 мың адамға шаршы метр.	19 494
Спорттық ғимараттарының бір мезгілде өткізу қабілетінің нормативі	10 мың адамға мың адам	1,9
Балалар мен жасөспірім мектептерінде айналысушыларды қамту нормативі	6-15 жастағы балалар мен жасөспірімдер санынан %	20
Спорттық резервтерді дайындау	16-20 жастағы жастар	20

жүйесіндегі айналысушыларды қамту нормативі	санынан %	
Жаттығушы-оқытушы құрамы санының нормативі	10 мың адамға адам	26
Санаториялық қамтамасыз етуге деген қажеттілік нормативі	10 мың адамға төсек 10 мың балаға төсек	58,7 30,65

Біз бүгінгі күні жұмыс істемей жүрген халықты дене шынықтыру және спорт құралдарымен – сауықтырғыш жүгірулер және шынығу, демалыс күнінің туризмі клубтары, «Әкем-анам және мен, спорттық отбасы» және т.б. үлгідегі жарыстармен халықты сауықтырудың мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарын қалпына келтірудің өткір қажеттігі пісіп-жетілді деп санаймыз.

Бұл маңызды істен бизнес кәсіпорындары мен ұйымдары да сырт қалмауы тиіс. Оларда өндірістік гимнастиканы, дене шынықтыру үзілістерін қайта жандандыру қажет. Мемлекетке өндірістік кәсіпорындарға олардың қызметкерлері отбасы мүшелерімен бірге дене шынықтырумен және спортпен айналыса алатын өздерінің стадиондары мен спорттық клубтарын ұстау үшін белгілі бір преференциялар қарастыру қажет. Осы маңызды істі іске асыру үшін мемлекеттік қана емес, сондай-ақ жекеменшік құрылымдарға теледидар, радио, газеттер мен журналдар арқылы кең насихат аса қажет. Сондай-ақ олардың басты кейіпкерлері спорттық отбасылар, дені сау балалар болатын арнайы және танымал әдебиет жариялау, әдістемелік кино көрсетулері қажетті.

Әлем жаһандану деп аталатын жаңа тәртіпті қалыптастыра отырып, өзгертуде. Қазақстан да жалпылай өзгеру үстінде. Бұл өзгеріс қазақстандықтарға дене шынықтыру мен спорт арқылы мейірбандылықты, оптимистік көңіл-күйді қалыптастыруы тиіс. Көне замандағылар салауатты денеден - салауатты рух дегенді бекер айтпаған. Біріншіден, заңжобалық қызметті, екіншіден, - тұжырымдамалар мен практикалық қадамдарды әзірлеу мен іске асыруды, үшіншіден, - бағдарламалық – мақсатты әдістерді қолдануды қарастыратын шаралар жүйесін әзірлеу қажет.

Алайда, соңғы уақытта іс жүргізу жағдайы өзгерді, соның нәтижесінде дене шынықтыру мен спорт жаңа, неғұрлым жетілдірілген біліктілік құжаттарында дербес салалық позицияға ие болады деп ойлауға негіздеме пайда болды. Сырттан қарағанда біз ойдан шығарылған проблеманы көрсететін, ал оның шешімі тек қарапайым формальдылық сияқты көрінуі мүмкін. Іс жүзінде бұл проблемаға баса назар аудару түпкі мақсат емес. «Халық шаруашылығы салалары» жіктегішін қарау кезінде жіктегіш бірлігі болып қызмет түрі емес, дербес теңгерімде болатын және осымен

байланысты «таза», «шаруашылық» және ведомствалық – басқару саласы ұғымдарымен байланысты кәсіпорындар табылатындығы атап көрсетілген.

Талқыланып отырған мәселеге қатысты мұндай жағдай осы сала тұтынатын ақшалай, еңбек, материалдық-техникалық ресурстардың шынай масштабтары, сондай-ақ ол өндіретін қызметтер көлемі туралы мәлеметтерді бұрмалауға және жоғалтуға әкеліп соғады.

Осылайша, біз «Халық шаруашылығының салалары» жіктегішінде «дене шынықтыру және спорт» саласының ресми мәртебесін өзгерту «таза», «шаруашылық» және ведомствалық-басқару саласы арасында қалыптасқан қарама-қайшылықты жою еді және статистикалық есептілікті жетілдіріп қана қоймайды, сондай-ақ салаға бағытталатын ресурстарды неғұрлым тиімді үйлестіруге ықпал етер еді деп санаймыз.

3-тақырып. «Дене шынықтыру мен спорт экономикасы» курсының пәні, әдісі және міндеттері

3.1. Дене шынықтыру мен спорт экономикасы-салалық экономикалық ғылым.

Дене шынықтыру мен спорт экономикасының-салалық экономикалық ғылымы мен экономикалық теория негіздерінің, оқу пәні арасында айырмашылықтары бар. Оқу пәнінде ғылымға тікелей қатысы жоқ нақтылы өмірлік мысалдар, түрлі түсіндірулер қолданылады. Бірақ ғылымға да, оқу пәніне де методология бірдей қажет. Методология дегеніміз – ғылыми танудың нысаны, әдісі, ұйымдастыру қақидалары туралы ілім.

Экономикалық үрдістерді танып-білу әдістерінің жаратылыстану ғылымдарындағы зерттеу әдісінен айырмасы бар. Бірақ барлық жағдайда да зерттеу мен білім беруде диалектикалық тәсілді қолданады. Бұл әдістің негізін ежелгі гректер қаласа, ал оны ғылыми жүйеге салуда неміс философы Гегельдің еңбегі зор. Шын мәнісіндегі ғалым адам барлық процестерді даму үстінде ойлап қарайды, яғни диалектикалық тұрғыдан тұрғыдан ойлады деген сөз. Олай болса ғылыми тану процестер мен құбылыстардың мәніне, олардың арасындағы өзара байланысты, дамудың себебін және қозғаушы күшін зерттеуге тиіс.

Ғылыми танудың нысаналары мен әдістері көп. Олар объективті жағынан есептелген (статистикалық), жинақталған материалдарды анализ және синтез, индукция, жүйе (система) түрінде қарау, болжам жасау және оны тексеру, эксперименттер жүргізу, логикалық және математикалық модельдер жасау.

Баға қозғалысы, бір қарағанда ол түсініксіз, шегі жоқ, шым-шытырық процесс тәрізді, бірақ та баға динамикасын (өрісін) нақтылы факторлар: сұраныс пен ұсыныс, сондай-ақ өндіріс және тасымал шығындары т.б. белгілейді.

Абстракция әдісінің де шегі бар. Оны зерттеушінің дарындылығы белгілейді. Абстракциялау процесінде категориялар, ұғымдар тұжырымдалады, олар құбылыстар мен процестердің жеке дара жинақталған жағын білдіреді. Тану процесіндегі қозғалыс белгілі заңдылықтар тұжырымдалғанда жалпыдан жекеге, абстракциядан нақтылыққа қарай жүреді.

Ғылымда, оның ішінде экономикалық ілімде жеке процестерді білу ғана жеткіліксіз. Ол бастапқы қадам. Нақтылы өміріде бір-бірінен алшақ заттар мен құбылыстар жоқ. Бәрі де өзара байланысты, ғылымның іздегені шындық. Ғылыми жүйенің қалыптасуы индукция мен дедукция деген методологиялық әдістермен жүзеге асады. Индукция және оқиға, құбылыстардан логика арқыл жалпы қағидалар шығарады. Дедукцияда керісінше, жалпы қағидалар негізінде экономикалық объектілердің, процестердің кейбір жеке алынған ерекшеліктері сипатталады. Тарихи және логикалық танудың бірлігі экономикалық ғылымда орын алады. әрбір экономикалық жүйенің логикалық байланысы бар. Біріншіден, олар бір бірімен динамикалық өзара әсер ететін қатынаста болады. Бүгін аргументі болған зат, ертеңінде қызмет рөлін атқаруы мүмкін. Екіншіден, жүйенің әрбір элементі тарихи даму процесінде болады. Сондықтан тарихи және логикалық бірлікті сақтау проблемасының маңызы зор. Мұның өзі жүйенің және элементтерінің пайда болуын білу үшін ғана емес, әсіресе оның үрдісін (тенденциясын), сатыларын анықтауға қажет.

Дене шынықтыру мен спорт экономикасы пәнаралық сипатта болады, себебі ол құбылыстардың екі – экономикалық және спорттық класын, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін зерттейді. Дене шынықтыру мен спорт экономикасын ғылыми пән ретінде дамытудың неғұрлым сындарлы жолы деп пәнаралық байланыстарды кеңейту мен нығайту үшін экономистермен, тарихшылармен, социологтармен, заңгерлермен, саясаттанушылармен және басқа ғылыми пәндердің өкілдерімен бірлескен зерттеулерді ескеру қажет. Дене шынықтыру мен спорт экономикасының прогресінің маңызды құрылымы болып, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер мен таза тәжіребелілер – дене шынықтырудың оқытушылары, жаттықтырушылар, менеджерлер және т.б. арасындағы шығармашылық байланыстарды орнату мен динамикалы дамыту табылады.

Дене шынықтыру-спорт ұйымдары өздерінің қызметін тиімді ұйымдастыру мен басқаруға экономикалық емес те, экономикалық та сипаты бар қоршаған орта факторларының әсері туралы ақпаратқа ие болуы тиіс. Экономикалық талдаудың нәтижесі халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары өкілдерінің нақты дене шынықтыру-спорттық өызметтерге деген сұранысына әсер ететін кейбір ауыспалы шамаланған мөлшерлерді көрсетеді. Мұндай талдаудың қорытындылары, атап айтқанда оның негізгі үрдісі спорттың дамуының ірі қалалар және басым экономикалық даму аймақтарында неғұрлым жылдам дамудың орнына кейде дене шынықтыру мен спорттың экономикалық оқшаулануын нақты сипаттай

алады. Дене шынықтыру мен спорт саласында осындай және өзге де экономикалық зерттеулер жүргізу үшін спорт экономикасы бойынша кәсіби мамандарды дайындау аса қажет.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық зерттеулердің даму деңгейі, әлемнің түрлі елдеріндегі жарияланған да, жарияланбаған да ақпараттың көлемі спорт экономикасы жөніндегі деректер банкінің құруды да өте қажет етеді.

Спорттық жетістіктер деңгейі өсуінің экономикалық емес факторларымен қатар экономикалық детерминанттары да бар, спорттық жеңістіктерге жету мен рекордтар жасаудағы олардың рөлін кеміту немесе асыру қате болады. Кәсіби де, әуесқой да спортшы үшін спорттық нәтижеге қол жеткізуге басты стимул болып ақшалай немесе заттай түрдегі жүлде табылады. Жоғарғы спорттық көрсеткіштер спортшының нарықтық құнын арттырады. Әуесқой спортшы үшін бұл көбінесе кәсіби спортқа жол ашады, ал кәсіпқой спортшы үшін бұл бір клубтан екіншісіне ауысқанда оның келісім-шарттарының құнын елеулі арттырады.

3.2. «Дене шынықтыру мен спорт экономикасының» экономикалық білімдер жүйесіндегі рөлі мен орны.

Осы күнгі дене шынықтыру мен спорт саласының жұмысындағы орын алған мәселелер республиканың жаңа нарықтық экономикалық қатынастарындағы нақты жағдайдың талаптарына сай емес екендігіне келіп тіреледі. Бұл жағдайлар дене тәрбиесі мен спорт жүйесіндегі алға қойған мақсаттардың орындалуындағы қарама-қайшылықтардың барлығы, оның айқын дамуына бөгет жасайтын мәселелерден тұрады.

Дене тәрбиесі – адаммен қоғамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі ретінде денсаулықты нығайтуға, дене қасиеттерін жетілдіруге және де әскери қызметпен еңбек әрекеттеріне қара күшті дайындау үшін қолданылады. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұнын қозғалыс әрекетінің қолайлы қолданылуын құрай келе, өсіп келе жатқан ұрпақпен ересектердің дене қуаттарын дамытуға бағытталған әдістермен шараларды құрастыратын қоғамның жетістіктерінің жиынтығы. Бұл мәдениеттің түрі адамның рухтық дамуына ықпал жасайтын, құндылықтарды қалыптастыратын гумандық бағытталған жалпы адами маңызынан тұрады. Осы заманның адамының салауатты ойында, қоғаммен адамның мәдениеті дене тәрбиесісіз ешқашанда толық қанды прогрессте болмайтындығында болады.

Осы деңгейдегі топқа бұл адамдарды қозғалыс шектеулігі мен әлеуметтік алыстатулық сияқты жағдайлар бірлестіруге әкеледі. Естуді жоғарлату, көз көрмеу, дене қасиеттері төмен болуы өмірлік дерт, өкінішке орай медикаментоздық емдеу де ештеңе бермейді. Дәрігерлік көз қарастармен қарағанда, бұл топтағы адамдар, егер тағы жанама басқа аурулары болмаса, «дені сау» деген шешімде болады. Әрине, денелері дамыған, жетілдірілген адамдар ғана қоғамдық өмірдің әрбір салаларында

жемісті ете алады: заводтарда, өндіріс орындары мен оқу орындары, лабораторияларда, халыққа қызмет көрсету саласында және т.б.

Өмірдегі тәжірибе көрсеткендей дене тәрбиесі мен спорт, дені сау адамдар үшін жай ғана қажеттілік болса, ал мүгедектерге дене жаттығуларымен айналысу олардың өмірлерін сақтау, нығайтудың бірден-бір жолы, себебі дене тәрбиесі физикалық, медициналық және де әлеуметтік қалыптасудың жаратылыстану әдістерінің бірі болып саналады. Мүгедектердің жүйелі дене тәрбиесі мен спортпен айналысулары арқылы өмірдің жағдайларына қалыптасуларын күшейтеді, яғни функцияналдық мүмкіншіліктерін кеңіте келе ағзаларының сауығуларына ықпал етеді. Одан басқа дене тәрбиесі мен спортпен мүгедектердің психикасына қолайлы әсер ете келіп, олардың жігерлерін жұмылдырады, адамдарға әлеуметтік жарамдылықтарына сенімділіктерін қайта оралдырады, қоғам мен ұжымының өміріне саналы түрде араласуына әкеледі.

Мүгедектердің ішінде тірек-қозғалыс аппараттарынан зардап шегетін адамдар жиірек кездеседі және де бас миының қызметтері бұзылғандарда (ақыл-естері кем) көп. Бірінші топты құраушылар дене жаттығуларымен екпінді түрде айналысып әлемдік біріншіліктерге және олимпиадалық ойындарға қатысады. Ақыл-естері кем мүгедектер дене тәрбиесімен айналысу барысында спорттық дағдылануды дені сауларға қарағанда баяу және аса ауырлау меңгереді. Бірақ дене қасиеттері жетілісімен оларда басқа салаларда да жетістіктерге жете алады. АҚШ-та ақыл-естері кем мүгедектер арасындағы Олимпиадалық ойындар аса танымды. Америкалық қоғамда дене тәрбиесі мен спортқа ылғида аса үлкен маңыз берген болсада, ақыл-естері кем мүгедектерге ол тек XX ғасырдың басында ғана тарады. Осы елде ақыл-естері кем балалар арасында жыл сайын әр жерде жергілікті жарыстар өткізілген, спорттық ұжым «Кеннеди» атындағы ұлттық бағдарлама жасауға ынта білдірген, оның басты мақсаты болып, ақыл-естері кем балаларға дене шынықтыру мен спортпен айналысуға мүмкіншілік жасау.

Арнайы Олимпиадалар АҚШ, Канада, Франциядан жүз мыңдаған қатынасушыларды жұмылдырған. Арнайы олимпиадалардың нәтижелері мамандарды таң қалдырды: бірталай ауыр кемшіліктері бар балалардың нәтижелері дені сау балалар деңгейіне жақын болған, ал жеңіл сырқаттылардікі болғандар олимпиадаларының нәтижелерімен бірдей болғандары да бар. Арнайы олимпиаданың жазғы бағдарламаларына су спорт түрлері, жеңіл атлетика, баскетбол, кегли, гимнастика, волейбол, дөңгелекті коньки, футбол, жұмсақ доп, ал қыстық түрлеріне – тау шаңғысы, шаңғы, коньки спорттары, мәнерлеп сырғанау мен хоккей.

Біз, бірақта спорттың гуманистік бағытын қолдайтын авторлардың ойларын жан- жақты қарастырып өзіміздің олармен бірлестігімізді білдіреміз. Болмаса, біздер спорт өзінің барлық көрінісімен, бұқарлық, ”барлығына бірдей”, деп санаймыз, сондай-ақ жоғары көрсеткіштер спорты да алып мүмкіншіліктерімен ден – саулыққа жағымды әсерлер

жасайтындығын , дене дамуына, жігерлікке, тағы да ішкі әлемге, адам мәдениетіне, яғни оның әлем тануына, эмоциясына, моральдық қағидаларына, эстетикалық танымына да ықпал етіледі. Бірақ, біз білеміз бұл гуманистік мүмкіншілік автоматты түрде іске аспайды. Оның толығымен орындалуына тиянақты, жүйелі және күрделі жұмыс керек. Егерде бұл жұмыстар жүргізілмесе, спорттағы гуманистік құндылықтар соңғы жоспарға сырылып, орынын жағымсыз құбылыстарға ешқандай талассыз береді.

Дене шынықтыру мен спорт экономикасы салалық ғылыми пән ретінде, соңғы уақытқа дейін негізінен қолданбалы экономиканың аясында дамиды. Мамандар саяси экономикадан, экономикалық талдаудан және т.б. алынған тұжырымдамаларды, зерттеу әдістерін, статистикалық ақпаратты экономика мен спорттың өзара әрекеттестігін зерттеу үшін қолдана отырып, пайдаланды. Сондықтан, дене шынықтыру мен спорт экономика саласында экономикалық деңгейге шығу әрекеттері әзірше сирек оқиға болып табылады. Қолда бар негіздер, осы уақытқа дейін абсолютті жаңа теория немесе зерттеудің бірегей әдістерін тудырмай, саяси экономиканың, ұйымдастыру мен басқарудың, еңбек экономикасының және т.б. түрлі салаларындағы тұжырымдамалар мен әдістерге негізделеді.

Қазіргі кезеңдегі дене шынықтыру мен спорт саласы экономикасының **негізгі міндеттері** болып, осы «Экономикалық теория негіздерінің» маңызын студенттер оқып үйрену барысында меңгерген экономикалық заңдар мен экономикалық категориялар туралы білімдерін арттыруда, оқыту логикасы мен пәндер ара салмағына сәйкес дене шынықтыру мен спорттың дамуының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын зерттеу барысында қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғам дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық зерттеулердің кеңеюіне өте мүдделі. Бұл мүдделілік түрлі субъектілер тарапынан көрінеді және дене шынықтыру мен спортты дамытудың теориясы мен практикасының сан алуан тараптарына қатысты. Мемлекет дене шынықтыру және спорт экономикасын тұтас алып, осы салаға қатысты да, әр алуан түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдары мен спорт түрлеріне де қатысты тиісті экономикалық саясатты әзірлеу үшін, дене шынықтыру мен спорт саласына оперативті экономикалық талдауға мұқтаж. Мысалы, мемлекеттік қаржылық көмек ең алдымен спорттың олимпиадалық түрлеріне көрсетілетіндігі белгілі. Осыған байланысты өнеркәсіптің түрлі саласының өкілдері спорт нарығының әр түрлі секторларын зерттеуге мүдделі.

Бірінші кезекте ғылыми негізде тиімді демеушілік көмек көрсетуді жүзеге асыру, әр түрлі спорттық тауарлар мен дене шынықтыру-спорттық қызметтер өндірісін ұлғайту немесе азайту үшін спорттың әр түрінің жұмыс істеуі мен дамуын зерттеуге байланысты болады. Бұқаралық ақпарат құралдарына алдымен олардың аудиториясын кеңейту үшін, ірі халықаралық

спорттық жарыстардың телетрансляцияларына құқықтарды қалыптастырудың экономикалық механизмін әзірлеу, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты насихаттау көзі ретінде спорттың мүмкіндіктерін сипаттайтын деректер қажет.

Дене шынықтыру-спорт ұйымдары өздерінің қызметін тиімді ұйымдастыру мен басқаруға экономикалық емес те, экономикалық та сипаты бар қоршаған орта факторларының әсері туралы ақпаратқа ие болуы тиіс. Экономикалық талдаудың нәтижесі халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары өкілдерінің нақты дене шынықтыру-спорттық өызметтерге деген сұранысына әсер ететін кейбір ауыспалы шамаланған мөлшерлерді көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Қазақстан экономикасының салалық құрылымдары қалай құрылған?
- 2.Таза саланың шаруашылық саласынан қандай айырымашылығы бар?
- 3.Өндіріс саласының өнім не болып саналады?
4. Өндіріс емес сала дегеніміз не?
5. Қазіргі кезеңдегі кәсіби-мамандардың негізгі қасиеттері қалай білінеді?
6. Спорт саласының ұстазына деген негізгі талаптар?
7. Кімдер кәсіби-спортшылар болып саналады?
8. Дамыған шет елдердегі коммерциялық кәсіп орындардың іс-әрекеттері қандай бағытта жүреді?
9. Дамыған шет елдерде спорт саласындағы жұмыс күшінің нарығы қандай жерлерде ерекше байқалады?
10. Қазақстанда кәсіби спорт түрлері бар ма?
11. «Спорт бәріне бірдей» қандай ерекшеліктерімен «Жоғарғы жетістік спортынан» айқындалады.?
12. АҚШ пен Еуропа кәсіби спорттарының қандай айырымашылықтары бар?
13. Қазақстандағы «Дене шынықтыру және спорт» саласының қандай әлеуметтік және дамыу тәртіптері бар?
14. Шет ел мамандарының дене шынықтыру және спорт экономикасы бойынша концепцияларының негізгі мазмұндары қалай?
15. Дене шынықтыру және спорт саласы экономикасының мәнділігі неде?

4 -тақырып.

Тауар және ақша нарықтық шаруашылық аспаптары және оларды дене шынықтыру және спорт саласында пайдалану

4.1. Тауар және оның қасиеттері.

Тауар деп – алып-сату объекті ретінде көрсетілетін материалдық-заттай түрдегі өндірістік – эконмикалық өнім. Тауардың шығарылуы немесе қолданылуы әр түрлі уақытта жүзеге асады. Осыған сәйкес тауарлар тікелей

байлық түрінде жинақталуы мүмкін. Дене тәрбиесі және спорт өндірістік емес саланың бір бөлігі бола келіп, оның нәтижесі қызмет болып табылады.

Сонымен қатар, дене шынықтыру және спорт аумағында спорт құралдарын, спорттық киім және аяқ киімді шығаратын салалар бар. Яғни дене тәрбиесі және спорт саласының өнімін тек қана қызмет емес тауар да болып табылады. Қызмет еңбек өнімі ретінде қарастырылады, яғни ол заттық формаға ие болмайды, бірақ оның тұтынушылық бағасы (тауардан айырмашылығы), еңбектің пайдалы әрекетінде жатады және алып-сату объекті ретінде тұтынатын зат та көрсетіледі. Тауардан айырмашылығы, қызметті өндіру мен тұтыну бір уақытта жүреді, сондықтан олар жинақталмайды. Егер жинақталмаса да, ол адамдардың мәдени деңгейінің өсуімен, соның ішінде дене – тәрбиесі мәдениетінің, білім деңгейінің өсуімен түсіндіріледі.

Кез-келген шаруашылықтың соңғы нәтижесі белгілі бір өнімді өндіру болып табылады. Өнім – бұл адам еңбегінің нәтижесі, оның шаруашылық қызметінің заттық, рухани, ақпараттық немесе белгілі бір жұмыстар мен қызметтер түрінде көрсетілуі.

Заттық өнім өндіріс саласына тән, ал интеллектуалдық өнім және жұмыстар мен қызметтер - өндірістен тыс салаларға тән. Кез-келген өнім нарықта сақталу үшін негізгі екі талаптарға сай болуы керек. Олар:

а) **Тұтынушылық қасиеттерінің болуы**, яғни жеке және көпшілік қолданысына пайдалы болу.

б) **Бәсекеге бейімді болу**, яғни оны алған сатып алушыға осы талаптарды қанағаттандырылатын басқа өнімдерге қарағанда тиімді және ыңғайлы болу керек.

Өнімнің тұтынушылық бағасын анықтайтын қасиеттері оның сапасынан және оны тұтынатын көпшіліктің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты. Өнімнің тұтынушылық қасиеттері мен бәсекеге қабілеттілігінің арасында келесі заңдылық бар:

-кез-келген бәсекеге қабілетті өнімнің тұтынушылық қасиеттері бар. Бірақ осындай қасиеттері бар,

- кез-келген өнім бәсекеге қабілетті емес, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін келесі параметрлер арқылы көрсетуге болады.

Техникалық параметрлер (техникалық деңгеймен және сапамен).

Техникалық деңгей өнімнің қазіргі талаптарға сәйкес болу бағасымен анықталады. Сәйкестік бағасын өнімнің сипаты белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогресстің деңгейіне жеткенде қолданушы анықтайды. Қолданушының негізгі талаптары ұлттық және халықаралық стандарттар арқылы басқа да өнімнің дайындалуы үшін тікелей нарықтық сұраныста анықталады. Өнімнің сапасы бұл - өнімнің данасының көрсетілген техникалық деңгейге жетуі. Әрбір өнімнің бәсекеге қабілеттік деңгейі әр түрлі уақыт аралығында анықталады, олардың ұзақтығы әлемнің

жетекші өндірушілерінің ғылыми-техникалық прогресінің дамуына байланысты;

-коммерциялық шарттар арқылы, яғни бағаның деңгейі, төлем шарттары, жеткізу уақыты, салық пен төлемдердің деңгейі арқылы. Олар өнімді сатып алумен және сатушылардың міндеттерін орындау деңгейімен тікелей байланысты.

Сатып алудың және қолдаудың ұйымдық шарттары;

-қолданудың экономикалық шарттары. Олардың негізгі көрсеткіштері болып қолданылатын шикізаттың үнемділігі, шикізаттың және қолданылатын материалдардың бағасы, қызметкерлердің саны, квалификациясы және т.б.

4.2. Тауарлық өндіріс түрлері.

Тауар өндірісінің тарихы пайда болуына негізгі үш алғы шарт қажет. Тарихта үш түрлі күрделі қоғамдық еңбек бөлінісі болды. Алғашқы күрделі еңбек бөлінісі мал шаруашылығы мен егіншілердің бөлінуі нәтижесінде осы тайпалар арасындағы айырбастың дамуын тездетті. Екінші күрделі еңбек бөлінісі ауыл шаруашылығынан қол өнердің бөлініп шығуы, үшінші күрделі еңбек бөлінісі жоғарыда аталған тайпалар арасындағы саудамен ғана шұғылданатын әлеуметтік топтың бөлініп шығуы. Осы көрсетілген күрделі еңбек бөлінісі қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, тасымал, құрылыс және сауда салаларының негізі екені айқын. Бірақ өндіргіш күштердің алғашқы қауыммен салыстырғанда орасан зор дамығанын еске алсақ, қоғамдық еңбек бөлінісі, мамандандыру саласының мыңдаған тармаққа юөлініп, кең етек жайғанын байқаймыз. Демек, тауар өндірісінің экономикалық негізі қоғамдық еңбек бөлінісі. Ол болмаса тауар өндірісі де, рынок те болмас еді.

Тауар өндірісінің екінші алғы шарты тауар өндірушінің жеке меншігі болуы. Басқа сөзбен айтқанда, тауар өндіруші өз мүлкін еркін сатуға, басқа жерге апарып өткізуіне ерікті болу қажет. Меншік қатынасы негізінен бірнеше тарихи сатыларынан тұрады. Алғашқа адамзат қоғамына белгілі қауымдық, тайпалық меншік болды. Бұ меншіктің пайда болуы алғашқы қауымдағы адамдардың табиғаттың дүлей күштеріне тәуелді болуынан, күн көрудің ауыртпалығынан туған қажеттілік. Қоғамдық қауымның меншігі өндіргіш күштердің нашар дамуының салдары. Алғашқы адамдар аң аулау үшін, жыртқыштардан сақтану үшін, тағы басқа жеке адамның қолынан келмейтін (мысалы ауыр заттарды, үлкен тасты орынан ауыстыру тәрізіді) жұмыстарды атқару үшін өзара бірігіп еңбек еткен де, оның нәтижесін ортаға салып, ол өнімдерді тайпа басшылығы бөліп отырған. Алғашқы қауымдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты «алғашқы қауымдық коммунизм» деп те атайды. Алғашқы қауымдық формацияда тауар -ақша рыноктық қатынас болмаған.

Бұл қатынастар осы формацияның ыдырау сатысында пайда болды. өндіргіш күштердің дамуы, бірігіп еңбек атқару, құрал – саймандарды жетілдіру (мысалы, тас, ағаш құралдарының орнына темір, қалайы, мыс тәрізлі металдарды пайдаоану, ағаш соқа орына темір соқа, тырма т.с. құралдарды игеру) , сол сияқ ты отпен пайдаланатын тағам пісіру, қорған, үй салу сияқты еңбекке бейімделу арқылы алғашқы қауымда өмір сүрген адамдардың күнделікті тұтынуынан артық қосымша өнімі пайда болды. Ал қосымша өнімнің болуын тауар айырбасының, рынок қатынасының дамуына қажетті үшінші алғы шарт деу керек.

Айырбас, нарық қатынасындағы негізгі тұлға – тауар. Экономикалық қатынастың өзі тауардан басталады. Тауар – еңбектің өнімі, ол екінші бір затқа, тауарға айырбастау үшін шығарылады. Ілгеріде атап көрсетілгендей, тауардың екі түрлі сипаты бар: 1) адамның белгілі бір қажетсінуін өтеу қабілеті; 2) екінші бір тауарға айырбастау қасиеті. Тауар қоғамға пайдалы зат болуы қажет. Экономикалық теория тауардың қоғамдық қажетсінуді қанағаттандыру қабілетін тұтыну құны деп атайды. Тұтыну құны – тұтылған жағдайда ғана жүзеге асатын тауардың сипаты. Тауар өндірушінің өзі үшін өндірілген өнімнің пайдалы қасиеті оның басқа қажетті материалдық игіліктерге айырбасталу сипаты. Экономикалық теорияда тауардың басқа тауарларға белгілі пропорцияда айырбасталу сипаты «айырбас құны» деп атайды. Айырбас құн – тауар басқа заттармен салыстыру арқылы қаралатын зат екенін білдіреді, сонымен бірге заттар арасындағы қатынас орнаған жерде оларды өндірген адамдар арасындағы қатынас орнаған жерде оларды өндірген адамдар арасындағы қатынас ² бүркемеленіп көрінетінін байқауға болады.

4.3. Спорттық тауарлар мен қызметтерді классификациялау.

Дене тәрбиесі және спорт саласы нарығының бірқатар артықшылығы бар, олардың ең негізгілері төмендегідей. **Біріншіден**, «дене тәрбиесі және спорт» саласының негізі көбіне материалдық емес, сондай-ақ адамның рухани, интеллектуалды қажеттіліктерін қанағаттандырады. **Екіншіден**, нарықтың артықшылығы дене тәрбиесі және спорт саласы коммерциялық емес қызметтің бір бөлігі болуында.

Бұл салада ақша коммерция нәтижесінде емес, қызығушылығы бар адамдардың қаржыландыруы нәтижесінде пайда болады. Бұл адамдарға билік органдары, бюджет қаржысын қолданатын қоғамдық және қайырымдылық ұйымдары, әр түрлі қорлар және тағы басқалары кіреді. **Үшіншіден**, дене тәрбиесі және спортта, көбіне коммерциялық емес сала ретінде төлеуге қабілеті бар субъект сияқты тікелей қолданушымен сәйкес келмейді. Себебі, дене тәрбиесі және спорт саласын қолданушылардың басым көпшілігі балалар, жасөспірімдер және оқудағы студент жастар. Олармен жұмыс істейтін мемлекеттік жастар ісі саясатының жетекші

бағыттарының бір бөлігі саналады. Бірақ көптеген жағдайда олар қолданған қызметтерге олардың өздері емес, көбіне ата-аналарының, демеушілердің қаржылары арқылы төленеді. Осылай, дене тәрбиесі және спорт саласында ең кемінде екі нарық: қолданушылар нарығы және тұтынушылығы бар адамдар нарығы бар. Және де бұл нарықтардың қайсысы алдыңғы қатарда екенін дәл айту қиын. Дене тәрбиесі және спорт саласының жақсы өндірісі және әлеуметтік – мәдени қызметтердің жақсы таралуы үшін ең керекті шарттардың бірі олардың нарықтық қолданыстағы мүмкіндіктері.

Қызмет салаларының техникалық прогрессінің негізі болып табылатын материалдық өндірістің өркендеуі мен өндірістік емес саладағы еңбек бөлінісі яғни, жалпы қызметтердің, сонда-ақ дене тәрбиесі және спорт саласының қызметтерінің түрлерінің көбеюіне алып келді.

«Дене тәрбиесі және спорт» саласының әлеуметтік-мәдени қызметтерін мынадай салаларға топтауға болады:

-қоғамдық қорды қолдану бөлшектеу түріне қарай әлеуметтік-мәдени қызметтерге **тегінне** (мектептегі дене тәрбиесі сабағы) және **ақылысына** (коммерциялық дене-сауықтыру орындарындағы);

-өндіру негіздеріне қарай қызметтер **коммерциялық** (өндірушінің пайда алуы) немесе **коммерциялық емес** (өндірушінің әлеуметтік маңызды функцияларыды) орындалуына байланысты, мысалы: дене тәрбиесі және спорттың балалар, мүгедектер, үлкен жастағы адамдар арасында таралуы сияты түрлерге бөлінеді;

-қолдану негіздеріне қарай әлеуметтік-мәдени қызметтерді жеке (жеке адамның су алабында шомылуы және т.б.) және іскерлік;

-қолдану негіздеріне қарай әлеуметтік-мәдени қызметтер жеке түрге (жеке адамның физикалық жаттығулар жасауы, секцияларда әр түрлі спорт түрлерімен айналысуы т.б.) және бұқаралық түрде дене тәрбесімен (ұжымдық дене жаттығуларымен секцияларда спорт түрлерімен айналысу т.б.). Қолдану сипатына қарай бөлінеді:

- дене тәрбиелік-спорттық (әр түрлі мақсатта физикалық жаттығулармен және спорт түрлерімен қамтамасыз ету, әр түрлі түрде ақылы және ақысыз және т.б.);

-көркемдік (спорт ойындарында бөлу немесе оны теледидар арқылы тамашалау);

-кеңес беру (дене жаттығуларымен, спорт түрлерімен, емдік дене жаттығуларымен айналысудың түрлері және әдістері т.б. жөнінде кеңес беру);

-оқыту (орта және жоғары кәсіптік білім, мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау т.б.);

-қосымша білім (спорт мектептеріндегі сабақтар және т.б.);

-делдалдық (дене тәрбиесі – спорттық мекемелерді ашу үшін қажет құжаттарды даярлау, кәсіптік спортсменнің келісімшарты және т.б.);

-коммерциялық (демеушілік қолдау, лотереялық және соған ұқсас қызмет және т.б.).

4.4. Тауар-ақша қатынастары дене шынықтыру және спорт саласында, ақшаның мәні, міндеті.

Дене шынықтыру және спорт саласында да, тауар мен ақша арасындағы бірлік те, қарама-қарсылық қайшылық та тұтыну құны арқылы көрінеді. Мысалы, өндіруші спорттық ұжымдарға арналған бір қажетсіз тауарларды шығарса, ол сатылмайды, оны ақшаға айналдыра алмайды. Өйткені ол тұтыну құны тұрғысынан қоғамдық қажетті де, оның мүшедерінің қажетін де қанағаттандыра алмағаны. Егер тауар жеке қажеттілікті қанағаттандырса, ол тез арада өтіп кетеді, ақшаға айналады. Міне, тауар мен ақша арасындағы әрі бірлік, әрі қарама-қарсылық осылай түсіндіріледі. Қазіргі рынок қатынасында бұл заңдылықты қатаң ескерген жөн. Ақша тауарлы шаруашылықта адамдардың, қоғамдық қатынасын бейнелейді. Яғни ақша зат емес, адамдардың арасындағы өндірістік қатынас. Ақшаның ең бірінші және басты қызметі-құн өлшеуіші. Мұнда ол жалпы эквивалент рөлін атқарады. Оның мәні барлық тауарлардың құны ақша арқылы анықталады. Мұндай қызметті өзіндік құны бар тауар ғана атқара алады. Бұдан шығатын қортынды, барлық жағыдайда құн өлшеуіші қызметтің алтын ғана атқарады.

Дене шынықтыру мен спорт саласында да, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі мен экономикалық қатынастар шеңберінің ұлғаюымен ақша төлем құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде қолма-қол ақшаның болуы міндетті емес. Оның қызметін кредит ақшалар атқарады. Соңғы кезеңде есеп айырысу құралы ретінде тек қана банкноттар, чектер, қағаз ақшалар ғана емес, кредит карточкалары да кеңінен дамуда.

Тауар-ақша қатынастары дене шынықтыру және спорт саласында да, барлық басқа салалар сияқты, ұлттық шеңберден шығып, дүниежүзілік рынокты қамтамасыз етуі оның дүниежүзілік қызметін көрсетеді. Дүниежүзілік айналыста ақша ең алдымен спорттық қарым-қатынастардың төлемі (спорттық оқу-сауықтыру жиындары мен жарыстарын өткізуге байланысты шараларды жүргізу үшін) ретінде қызмет атқарады. Сонымен дүниежүзілік ақшалар үш түрлі қызмет атқарады: 1. халықаралық төлем құралы; 2. халықаралық сатып алу, сату құралы; 3. қоғамның байлығын сипаттаушы құрал.

Ақша техникалық құрал емес, ол экономикалық категория адамдар арасындағы өндірістік қатынастарды көрсетеді. Ақша қатынасының сипаты тауар өндірісінің типімен анықталады. Сондықтан ақшаның қызметінің әр қилы өндіріс тәсілдеріне ұқсастықтарына қарамастан, әлеуметтік-экономикалық мәніде ерекше орын алады.

Ақша мен баға

Қолайлы ақша саясаты қоғамдық ұдайы өндірісті мемлекеттік реттеудің аса маңызды құралдарының бірі. Ақшалай ұсыныстың артуы тек қысқа мерізім ішінде ғана өндірістің өсуіне мүмкіндік жасайды. Ал оның ұзақ

мерізмдік нәтижесі тіпті де басқаша. Ақша мөлшерінің артуы бағаның щұғыл өсуіне әкеледі де, ол өз кезегінде өсім деңгейінің инфляциясын өршітеді. Алғашында халық қолындағы ақша табыстарының өсуі олардың тұтыну мүмкіндіктерін арттырып, өндірісті ынталандыруға қызмететеді. Соңынан бағаның шарықтауына сәйкес халықтың нақтылы ақша мөлшері (тауардың бағасымен салыстырғанда) азайып, сұраныс пен өндірістің арақатынасы жаңа жағыдайларда өте жоғары баға деңгейінде теңеседі.

Ақша көлемі мен айналымын қатаң салыстырмалы бағалар құрылымының сәйкестенуін арттырып, осыдан іске тартылудың өзгеруі және сұраныс пен ұсыныстың құрылымдық деңгейімен үйлестірілген жалақыға сенімнің артуы шаруашылық ұйымдарына экономикалық негізді және тиімді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

4.5. Сұраныс пен ұсыныс-нарықтық баға қалыптасуының негізі ретінде.

Тауардың бәсекелестік нарығында сұраныс пен ұсыныстың әрекет ету механизмі қалай жұмыс істейтінін және сұраныс пен ұсыныс тең болған деңгейде нарықтық баға қалай орнайтынын байқайық.

Нарықтық экономика саласында қызметтер алып-сату объектісі, ал өндірушілер сатушы яғни, пайдаланушылар, сатып алушылар ретінде қарастырылады. Алғашқылары нарықта ұсынысты, ал екіншілері – сұранысты қамтамасыз етеді. Бірақ, онда коммерциялық жұмыстарымен қатар, коммерциялық емес қызметтер айқын көрсетілгенімен бұл жағдай толықтай «дене тәрбиесі және спорт» саласына жатады.

Ұсыныс дегеніміз – белгілі-бір уақыт аралығында өндірілер белгілі бір бағамен сатуға дайын тауарлар мен қызметтер саны. «Дене тәрбиесі және спорт» саласындағы ұсыныс тікелей әртүрлі дене тәрбиесі – спорттық мекемелердің санымен тікелей байланысты және көптеген жағдайда жоғары және орта білімді мамандардың болуымен, дене тәрбиесі спорттық құрылыстар жүйесінің дамуымен, қаржыландыру мүмкіндігімен және тағы басқала да істермен байланысты. «Дене тәрбиесі және спорт» саласындағы қызметтер нарығында белгілі қызметті өндірушілер арасындағы бәсекемен қатар, басқа қызметтермен де қолданушылардың бос уақыты үшін бәсекелестік.

Сұраныс дегеніміз қазіргі баға мен қолданушылардың төлеу қабілетінің арасындағы қызметтер мен тауарларға деген шектеулі қажеттілік. Сұранысты жинақталған және жеке деп бөлуге болады. **Жинақталған сұраныс** – дене тәрбиесі және спорт саласында халықтың негізгі санымен, оның табысы мен уақытының болуымен анықталады.

Дене тәрбиесі және спорт саласындағы жеке сұраныс қолданушылар және олардың топтарының жеке сұранысымен сипатталады. Дене тәрбиесі және спорттың негізінде қоғамдық сұраныс жатыр. Бірақ нарықтық экономиканың жағдайында қолдану мен қолдану мүмкіндігі арасында белгілі қызметті төлеу қажеттілігі тағы бар.

Сондықтан, нарықтық сұраныс көлемі «дене тәрбиесі және спорт түрлері» белгілі сұраныстың болуымен қатар, оны қанағаттандыруға қажетті қаражаттың болуымен байланысты.

4.6. Спорттық тауарлар мен қызметтерге бағаның туындауы.

Білікті маркетингтердің пікірлеріне сәйкес **спорттық тауардың**, ал көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін **бағалау** мен талдау - шешуі білікті талдаушыларды тартуды, бағалау міндеттеріне сәйкес келетін бастапқы ақпараттың болуын және сайма-сай математикалық аспаптарды қолдануды талап ететін мейлінше күрделі әдіснамалық және әдістемелік мәселе болып саналады.

Осы мәселе жөніндегі отандық және шетелдік аранайы әдебиет көздерін зерттеулер мен талдаулар көрсеткендей өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға деген жалпы тәсілдер төмендегілер болып табылады:

1) Еңбектің әрбір өнімі (ол тауар немесе көрсетілетін қызмет болса да) оның нақты жағдайларда пайдалануы үшін жарамдылығының деңгейін анықтайтын қасиеттердің жинағына ие болады. Алайда оның бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін тек тұтынушы үшін елеулі қызығушылық тудыратын қасиеттерін ғана назарға алу керек. Өнімнің осы аядан шығатын барлық көрсеткіштері бәсекелестікті бағалау кезінде өнімнің (көрсетілетін қызметтің) нақты жағдайлардағы құндылығын арттырмайтын ретінде қарастырылмауы тиіс.

2) Өнімнің (көрсетілетін қызметтің) бәсекеге қабілеттілігін тек бәсекелестің осындай өнімімен (көрсетілетін қызметімен) салыстыру арқылы ғана анықталады және салыстырмалы көрсеткіш болып табылады.

3) Тауардың, көрсетілетін қызметтің бәсекеге қабілеттілігін бағалау тауардың, көрсетілетін қызметтің сапасын анықтау кезінде пайдаланылатынға ұқсас әдістердің көмегімен ғана алынуы мүмкін.

4) Кез келген объектінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау рәсімінің мәні мынада: бәсекелестің талданатын бұйымының

(көрсетілетін қызметтің) және тауарына (көрсетілетін қызметіне) параметрлерін тұтынушының қажеттілігімен берілген деңгейімен салыстыру қажет, сонан кейін алынған нәтижелерді салыстырған жөн. Келтірілген ержелерді басшылыққа ала отырып және өзіміздің әзірлемелерімізге сүйене отырып дене тәрбиесі мен спорттың көрсетілетін қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесін тұжырымдаймыз.

Өнімнің (**көрсетілетін қызметтің**) және оны өндіретін кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) бәсекеге қабілеттілігі және бәсекелестік басымдықтары деген ұғымдар бәсекелестікпен тығыз байланысты. Бәсекеге қабілеттіліктің әмбебап, жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Әдетте кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) бәсекеге қабілеттілігі деп осы шаруашылық бірлігінің алға қойылған экономикалық мақсаттарға жетуде бәсекелесінен оза білу қабілеті, ал тауардың (көрсетілетін қызметтің) бәсекеге қабілеттілігі деп – тауардың (көрсетілетін қызметтің) тұтынушының нақты қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін сапалық (бағалық емес) және құндылық (бағалық) сипаттамаларының жиынтығы түсіндіріледі.

Кез келген деңгейдегі экономикалық объектінің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші – онда бәсекелестік басымдықтың, яғни бәсекелестерде жоқ немесе неғұрлым аз көрінетін қабілеттердің болуы [135].

Осыған байланысты бәсекелестік деген ұсыныс субъектісінің сұраныс субъектісінің объективті немесе субъективті сұраныстарын қанағаттандыру үшін бәсекелестермен күресте өздерінің бәсекелестік басымдықтарын басқару процесі деп санайтын Р.А.Фахрутдиновтың анықтамасы қызықты.

Маркетинг тұрғысынан бәсекелестікке қабілеттілік деңгейі (көрсетілетін қызметтің) нақты сатып алуды жүзеге асырушы тұтынушы үшін, осы өнімнің тартымдылығы деңгейімен анықталады. Бұл бәсекеге қабілеттіліктің көрсетілетін қызметтің үздік сипаттамаларымен емес, оның *сатып алушы клиент үшін тартымдылығымен* байланысты екендігін білдіреді.

Осыған байланысты, дене тәрбиесі мен спорттың көрсететін қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің факторларын сыпайы белгілеуді қамтамасыз ететін негізгі *шарттар* келесілер болады:

- *бірінші:* бәсекеге қабілеттілік факторлары ретінде зерделенетін қызметтердің барлық белгілі қасиеттері мен сипаттамалары емес, тек қана:

а) тұтынушылар үшін неғұрлым тартымды болып табылатындары және

б) шынында да сатып алуға ықпал ететіндері ғана болуы мүмкін;

- *екінші:* аталған факторларды анықтау тек нақты клиенттер контингентінде (жүйелі пайдаланушыларға) жүргізілуі тиіс және көрсетілетін қызметтерді кезекті сатып алу алдында жүзеге асырылуы тиіс.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. Дене шынықтыру және спорттың қандай істеріне қарап жалпы экономиканың салалық құрылымдары қатарына жатқызуға болады?

2. Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасу жағындайында дене шынықтыру және спорт саласын дамыту үшін қандай әдістер қажет?

3. Дене шынықтыру және спорт саласында өнімдер өндіріледі?

4. Қазақстан мен шет елдер мамандарының дене шынықтыру және спорт саласы өнімдері бойынша концепцияларының айырмашылықтары неде?

5. Дене шынықтыру және спорт саласының мәдени-әлеуметтік қызметтерінің жіктелу негіздері қалай қалыптасады?

6. Дене шынықтыру және спорт саласының мәдени-әлеуметтік қызметтерінің түрлері қалай жіктеледі:

- қоғамдық қорлардың тұтыну түрлерін бөлуде;
- өнімдер сұранысы бойынша;
- тұтыну түрлеріне байланысты;
- тұтынуға сұраныстың болуы;
- тұтыну ерекшеліктеріне байланысты;
- тұтынудың деңгейінің маңыздылығына байланысты;

7. Әлеуметтік-мәдени қызметтердің материалдық қызметтер мен тауарлардан қандай арнайы ерекшеліктері бар?

8. Дене шынықтыру және спорт саласындағы ұсыныс пен сұраныс дегеніміз не?

9. Дене шынықтыру және спорт саласындағы сатушы нарығы дегенімізді қалай түсіндіреміз?

5-тақырып

Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлерінің еңбектерінің ерекшеліктері.

5.1. Жұмысшы күші тауар ретінде

Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлерінің жұмыс күні бойынша алғанда, жалпы қызмет түрлері кәсіби еңбек қажеті және қосымша жұмыс уақытынан тыс еңбек ету болып екіге бөлінеді. Жұмысшы жұмыс уақытының бір бөлігін өзіне қажетті өнімдерді өндіруге жұмсайды. Бұл уақыт ішінде жұмсалған еңбек қажеті еңбек болып табылады. Алайда **жұмысшы күші тауар ретінде** тек осындай көлемде өнім өндірумен шектелсе, қоғам одан әрі дами алмаған болар еді. Өндіріс көлемін ұлғату және барған сайын жетілдіру, ұлғаймалы ұдайы өндірісті қамтамасыз ету, еңбекке жарамсыз адамдарға көмек көрсету, материалдық емес өндіріс салалары қызыметкерлерінің (Дене шынықтыру мен спорт саласы да) қажеттіліктерін өтеу қоғамның міндеті.

Жұмыс күшінің құны мен бағасының құрылымы жұмысшылардың арасындағы бәсеке күресін жою немесе шектеуші болып табылады. Кәсіподақтардың қызметі жалақы ставкасын көтеру, жұмыс күнінің ұзақтығын қысқарту, еңбек жағдайын жақсарту, зейнетақымен қамтамасыз ету, басқа да толып жатқан әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге ат салысу.

Жұмыс күші рыногын реттеуде кәсіподақтар мен кәсіпкерлер арасындағы жасалатын келісім маңызды рөл атқарады. Кәсіподақтар жұмысшылардың ұжымдық мүддесін қорғайтын өкілдер, өкілеттігі конституцияда бекітілген. Кәсіподақтар мен кәсіпкерлер (кәсіпкерлер одағы) арасындағы келісім шарт жалақының формасы мен мөлшерін, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ұзақтығы, жұмысын босату т.б. мәселелерді реттейді. Келісімде көрсетілген шарт минималды норматив сипатында болады, оның мәні жұмысшылардың кәсіпкерлермен жасаған жеке келісім шарты, ұжымдық келісімге қарағанда нашар жасалатын болса, онда оның заңдық күші болмайды. Ұжымдық келісім мен норма принципінің минимумы дегеннің мәні неде? Бұл келісім шарты жұмыс орнына ие болу үшін күресте жұмысшылар арасындағы бәсекені жою мүмкіндігін береді, өйткені бәсеке кәсіпкерлер ұсынған ең нашар еңбек жағдайын жұмысшылардың қабылдауына мәжбүр етеді.

Кәсіподақтар кәсіпкерлермен келісім шартына отырғанда, еңбекке деген сұранысты шектеу, жалақы ставкасын анықтау жолымен жалақы дәрежесіне ықпал етеді, жұмыс күшіне деген сұранысты көтеру мақсатына сай саясат жүргізеді. Кәсіподақтар ісі жалақыда қандай көрініс алады?. Соңғы оншақты жылда нарықтық экономикасы дамыған елдерде жалақының өсуі және ал еңбекақыдағы айырмашылықтардың қысқару тенденциясы байқалады.

Кәсіподаққа біріккен өндіріс салаларындағы қызметкерлердің жалақысы орта дәрежеден асып, кәсіподағы жлоқ салалармен салыстырғанда анағұрлым жоғары болып отыр.

Еңбек нарығы мемлекет тарапынан реттеліп отырады. Реттеу маңызды рыноктық факторларға – жұмыс күшіне, сұраныс пен ұсыныс, жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбекке жалдау және жұмыстан босату тәртібіне, бағаның өзгеруімен жалақыны индекстеуге таралады. Өнеркәсібі дамыған елдердің заңы өндірістегі кенет қауіпті жайттардан жалдамалы еңбекті миедетті түрде қамсыздандыру, қартаюымен байланысты қамсыздандыру сияқты әлеуметтік мәселелерді қамтиды. Мысалы, Швецияда жұмыс күші нарығының саясаты жүргізіледі, ол басқа осы нарықтың барлық өлшемдерін белгілейді: мемлекет пен кәсіпорындардың маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуәне ықпал етеді, оның басты элементін матчинг дейді (электронды жүйе көмегімен жұмыс орнытуралы үлкен бағдарлама жасау), еңбекке деген ұсыныс саясаты (кәсіптік дайындау мен қайта дайындау), жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру (инвестициялық қор), еңбек қатынасын реттеу, дұмыссыздарға жәрдемақы берілуін мемлекет пен кәсіпкерлердің бірдей қаржыландыруы.

5. 2. Номиналдық және шынайы жалақы.

Номиналды жалақының мөлшеріне қарай жалақы дәрежесі туралы жалпы түсінік алуға болады, алайда ол тұтыну мен халық тұрмысының дәрежесін толық сипаттай алмайды. Ол үшін нақты жалақыны білу қажет. Нақты жалақы жұмысшының күнелтуіне қажетті заттарға шағылған жалақысы, яғни жұмысшының тапқан ақшасына өзі үшін және отбасы қанша және қандай күнкөріс заттарын сатып алуға болатынын көрсетеді. Нақты жалақының дәрежесі тікелей номиналды жалақыға және тұтыну заттары мен қызмет көрсету бағасына тәуелді.

Жалақының негізгі нысандары. Жалақы негізгі нысанда мерзімді және келісімді түрде орын алады. Мерзімді жалақы өндірістегі еңбек шығынының ұзақтығымен анықталады, сондықтан ол күндік апталық және айлық ақы болып бөлінеді. Жұмыс күнінің ұзақтығы мен еңбек қарқындылығы әрқилы болғанда, нақты еңбек ақы төлеу де әрқилы болады. Бірдей мерзім үшін жалақы алатын жұмысшылардың еңбек ақы дәрежесін салыстыру үшін «еңбек бағасын», яғни бір сағаттық еңбек ақысын анықтау қажет. Жалақының мерзімдік нысаны кәсіпкерге жұмыс күнінің ұзақтығы мен еңбек қарқындылығын белгілеу мүмкіндігіне ие болады. Кесімді жалақыда жұмысшының жалақысы шығарылған өнім санына тәуелді. Жалақының бұл нысаны мерзімді жалақымен байланысты, өйткені бір өлшем өнімнің бағасы

мерзімді жалақыны (күндік) өндірілген өнім көлеміне көбейту арқылы есептеледі. Кесімді жалақының ерекшелігі, еңбектің саны мен сапасы өндіргіш өнім арқылы бақыланып, өлшенеді. Ол еңбек өнімділігімен қарқындылығын арттыруды мүдделендіреді, жұмысшылар арасындағы жалақы мөлшерінің жекелей айырмашылығының маңыздылығын күшейтіп, жұмысшылар арасындағы бәскені ұлғайтады.

Өнеркәсібі дамыған елдерде жалақының негізгі нысандарымен бірге жұмысшының еңбек өнімділігі мен қарқындылығын ынталандыру мен жетілдіруге, олардың творчестволық қабілетін дамытуға бағытталған еңбекақы төлеудің басқа да жүйелері қолданылады. Осы жүйелерге кесімді-прогрессивті, кесімді көтерме, көп факторлы т.б. жатады. Жалақының мөлшері жұмысшының еңбек өнімділігіне, өнім сапасына, шикізатты үнемдеу, жабдықтарды пайдалану коэффициенті т.б. көрсеткіштеріне тәуелді.

Жалақының дәрежесі мен динамикасы. Жалақының мөлшеріне әсер ететін себептердің түрлері. Бір елдің өзінің ішінде, әр түрлі мамандықтағы қызметкерлер мен әр қилы елдегі жалдамалы қызметкерлердің жалақы мөлшерінде үлкен айырмашылық бар. Белгілі бір кезеңде экономика жағдайына байланысты да жалақы өзгеріп отырады. Өнеркәсібі дамыған елдерде номиналды жалақының өсу үрдісі басталады. Нақты жалақының динамикасы күрделі, өйткені ол тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетудің баға динамикасымен байланысты бірде жоғары, бірде төмен ылғи өзгерісте болып отырады. Көпшілік адамдар үшін жалақы табыстың көзі, әрі тұрмыс дәрежесінің көрсеткіші болғандықтан, оның мөлшері мен динамикасы адамдардың ең бір мүдделі мәселесі.

Жалақы өндіріс жағдайы мен рыноктық конъюктураға да тәуелді. Жалақы дәрежесіндегі айырмашылық ең алдымен өндіріс мөлшерінде анықталады. Экономикасы дамыған елдердегі жоғары жалақы өндіріс пен еңбек өнімділігі саласындағы жетістіктерге байланысты, өйткені алдын ала өндірілгенді ғана бөлуге болады. Жалақының мөлшері мен динамикасына ықпал ететін маңызды факторларға табиғи ресурстар, қолдағы капитал, жұмыс күштерінің саны мен сапасы, техника мен технология дәрежесі, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру жатады. Осы факторлардың өзара байланысты әрекет етуі еңбек өнімділігін сипаттайды. Өндірісі мен еңбек өнімділігі жоғары елдерде жалақының дәрежесі де жоғары. Жалақы дәрежесі мен динамикасын талдауда рыноктық категориялар – сұраныс пен ұсыныс, олардың бәсекелік күрес ықпалымен ауытқуы неліктен маңызды? Рынок, сұраныс пен ұсыныс бүкіл өндірістік шығындардың дәрежесін көрсететін объективті экономикалық тетік, ол бүкіл тауарлар өндірісі, оның ішінде жұмыс күші шығындарын анықтаушы. Мұны көрсететін баға. Тұтыну тауарларына баға қоюдың рыноктық тетігі жұмыс күшін ұдайы өндіруді ынталандырады, сөйтіп осы тауардың бағасы жалақыға ықпал етеді. Жалақының дәрежесі мен динамикасын анықтаудың экономикалық тетігі

қандай? Сұраныс пен ұсыныс жалақыға қалай ықпал етеді? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін еңбек рыногындағы жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайын талдау қажет.

Кейде фирмааралық немесе заттық деп аталатын **маркетингтік** бәсекелестік көрсететін қызметтер толық бірдей болған кезде түрлі кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) көрсететін қызметтер арасындағы айырмашылықтар өте елеусіз болған жағдайда пайда болады. Мәселен, қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан, спорттың бірдей түрлеріне баулитын және көбінесе оқыту мен жаттығудың бірдей немесе ұқсас бағдарламаларын, әдістерін, жабдықтарды пайдаланатын және біліктілігі бірдей мамандарды тартатын ұқсас спорт кешендерінің (дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының, спорт мектептерінің және т.б.) арасындағы маркетингтік бәсекелестіктің көрінуін атап өтуге болады.

«Дене шынықтыру және спорт» саласының көрсететін қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің негізгі, неғұрлым елеулі (**еңбектер**) **ерекшеліктерін** атап көрсетейік.

Бәсекелестік **ерекшеліктерінің** біріншісі, аталған саладағы көрсетілетін қызметтердің көпшілігін жүргізу үшін неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін инвестициялардың шағын көлемін талап ететіндігі болып табылады. Сондықтан дене тәрбиесі және спорт саласы нарығындағы бәсекелестік деңгейі әдетте жоғары, ал бәсекелес кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) саны тауарлық нарық бойынша осындай көрсеткіштен едәуір артық. Мұндағы бәсекелестік орта шағын дисперстік сипатта болады және сұраныстың өзгеруіне жылдам бейімделуге және өзінің ассортименттік қатарын дер кезінде жаңартуға қабілетті көптеген шағын кәсіпорындардан (ұйымдардан, мекемелерден) тұрады.

Бәсекелестіктің екінші **ерекшелігі** мемлекеттің сүбелі үлесімен байланысты. Мемлекет дене шынықтыру мен спортты мемлекеттік басқару органдары тұрғысында аталған қызметтер нарығын дене шынықтыру және спорт қызметтері саласында басым бағыттарды дамыту мақсатында заңдарды, қаулыларды, өзге де нормативтік және құқықтық актілерді жүзеге асыру, салық ережелерін енгізу жолымен мақсатты түрде реттейді. Тек мемлекет бәсекелестік күрестің бағыттарын белгілейді және аясын шектейді, бұл ретте дене шынықтыру-спорт саласындағы

кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) әріптестігін ғана емес, сондай-ақ тығыз өзара әрекеттестігін де міндеттейді, ол мына шаралармен іске асырылады (тек ең негізгілерін ғана атап көрсетеміз):

- дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мақсатты мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

- дене тәрбиесі және спорт қызметі нарығының түрлі субъектілерінің қызметін салааралық және өңіраралық үйлестіру;

- дене тәрбиесі және спорт қызметі саласының мекемелерін, кәсіпорындары мен ұйымдарын лицензиялау, аттестациялау және тіркеу (аккредитациялау), олар іске асыратын халықпен дене шынықтыру-бұқаралық және оқу-спорттық жұмыс бағдарламаларын ассортименті және сапасы бойынша сараптау;

- клиенттердің барлық санаттары үшін дене тәрбиесі мен спорттың көрсететін қызметтеріне қол жеткізу кепілдігін (соның ішінде бағалық та) ұсыну, халықтың неғұрлым аз қорғалған бөлігінің дене тәрбиесі мен спортқа қол жеткізуіне неғұрлым қолайлы жағдай туғызу;

- жарнама-ақпараттық және баспа қызметін реттеу;

- дене тәрбиесі және спорттың көрсететін қызметтері саласындағы мекемелерді, кәсіпорындарды және ұйымдарды қаржыландыру және т.б.

Бәсекелестіктің үшінші **ерекшелігі** дене тәрбиесі мен спортқа тән ақпараттық және басқа айырбастаулар үшін ашықтық көрсетілетін қызмет өндірушілер арасындағы бәсекелестіктің тиімділігін шектейді және ынтымақтастыққа басымдық береді. Атап айтқанда, бұл ашықтық көп жағдайда бәсекелес кәсіпорындардың бір спорт базасының аумағында орналасуымен, ал жаттықтырушы-оқытушылардың бір мезгілде бірнеше дене шынықтыру-спорт ұйымдарында (кәсіпорындарында, мекемелерінде) жұмыс істеулерінің мүмкіндігімен байланысты. Бұдан басқа, бәсекелестер арасындағы өзара қарым-қатынастардың тек бақталастықпен шектелуі тиімсіз де жеміссіз болады. Дене тәрбиесі мен спортта бәсекелестердің ынтымақтастығы өте кеңінен былай көрінеді: спорттың және белсенді демалыстың жаңа түрлерін әзірлеу, оқыту мен жаттығудың жаңа бағдарламаларын, әдістемелерін және әдістемелік тәсілдерін құру, сынау, енгізу және іске асыру, сабақтарды, спорттық мерекелер мен жарыстарды ұйымдастыру, өткізу, педагогикалық кадрларды пайдалану, қымбат бағалы дене

шынықтыру-спорттық құрылыстарды, жабдықтарды, тернингке арналған айлақұралдарды пайдалану кезінде және т.б. көрінеді.

5. 3. Жаңа нарықтық жағдайдағы жалақының қалыптасуы

Жалақы тұтынушылар табысының басым көпшілігін құрайды, сондықтан ол тауарлардың сұраныс көлеміне және олардың бағасына елеулі ықпал етеді. Жалақы дегеніміз не, оның дәрежесі мен динамикасы не нәрсеге тәуелді, жалақыға бәсекенің жетілген немесе жетілмеген түрі қалай ықпал етеді?

Жалақының мәні. Осы мәселеге байланысты экономикалық теорияда екі тұжырым бар:

1. Жалақы еңбек бағасы (еңбек пен жұмыс көлемінің айырмашылығы ескерілмейді), оның дәрежесі мен динамикасы рыноктық факторлар-сұраныс және ұсыныспен анықталады. 2. Жалақы жұмыс күші –тауардың құнының ақшалай көрінісі (бағасы), еңбектің бағасы емес, өйткені еңбек тауар бола алмайды, жалақы өндіріс жағдайымен де (жұмыс көлемінің құны), рыноктық факторлар сұраныс, ұсыныспен де анықталады, олардың ауытқуы жалақының жұмыс күші құнынан бірде жоғары, бірде төмен болатындығын көрсетеді.

Жалақының екі тұжырымдамасы да ағылшынның саяси экономикасының классиктері А.Смит пен Д.Рикардоның теорияларына негізделген. А.Смит еңбек пен жұмыс күші арасындағы айырмашылықты ашып көрсеткен емес. Оның пайымдауынша, еңбек табиғи бағасы бар (немесе "табиғи жалақы") "тауар" деп саналады. Ал, табиғи баға өндіріс шығындарымен анықталады, яғни жұмысшының және оның отбасының тіршілігіне қажетті күнмен есептеледі. А.Смит "табиғи жалақы" деп жұмыс күшінің құнын түсіндіреді. Жалақы мөлшері жұмысшының тіршілігіне қажетті күн минимумымен анықталады.

Осыдан басқа, жалақы тарихи және рухани элементтерді қамтиды, осымен байланысты Смит жалақы мөлшерінің ұлттық айырмашылығы болатынын түсіндірді. Жалақы дәрежесінің төмендігін және оның тіршілік минимумына өте жақын болу себебін А.Смит жұмысшы табының ұйымшылдығының жоқтығымен байланыстырды. Жалақы динамикасын (қозғалысын) экономика жағдайымен байланыстырды. Экономикалық өрлеу жағдайында еңбекке деген сұраныс өседі де рыноктық жалақы "табиғи жалақыдан" жоғары болады. Д.Рикардо да, А.Смит сияқты жалақыны еңбек бағасы деп ұғынды. Рикардо жалақы теориясын Мальтустың халық өсімі теориясымен байланыстырды.

Жалақы еңбек бағасы. Олай болатыны жұмысшы жалақыны өз еңбегін шығындағаннан кейін алады, жалақы мөлшері еңбектің әрекет ету ұзақтығына тәуелді, бірдей жұмыс атқаратын жұмысшылардың жалақысында жекелей айырмашылық орын алады. Еңбек түгелдей төленген болып көрінеді. Сондықтан да пролетарлық саяси экономикада жалақыны жұмыс күші құнының өзгерген нысаны (яғни мәнін бұрмалайтын нысан), шындығында жұмыс күшінің бағасы деп көрсетеді. Қазіргі батыстық экономика ғылымында жалақыны еңбек бағасы деген көқарас орын алуда. Самуэльсон мен Нордхаус "Жалақы нарықтық бағаның маңызды категориясы, өйткені ол еңбек бағасы" деп жазды. Жаңа классиктер жалақының дәрежесі мен динамикасын нарықтық себептер (сұраныс пен ұсыныс) деп түсіндірді.

Номиналды және нақты жалақыны ажырата білу керек. Номиналды жалақы ақшаға шығарып берілетін жалақы, оны жалдамалы қызметкер күндік, апталық, айлық еңбегі үшін алады.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. Бәсекелестік дегеніміз не?
2. Бәсекелестікті түрлері нені білдіреді?
3. Бәсекелестіктегі міндеттік түсіндіру дегеніміз не ?
4. Бәсекелестіктің сипаты немесе маркетингтік түсіндірмесі дегеніміз не ?
5. Бәсекелестіктің түрлік түсіндірмесі дегеніміз не ?
6. Кәсіпорынның (ұйымның) бәсекеге қабілеттілігі және тауардың (көрсетілетін қызметтің) бәсекеге қабілеттілігі дегеніміз не?
7. Дене тәрбиесі мен спорттың көрсететін қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігі немен анықталады?
8. Өнімнің (көрсетілетін қызметтің) бәсекеге қабілеттілігі немен анықталады?

6-тақырып.

6.1 Дене шынықтыру мен спорт экономикасының методологиялық негіздері

Дене шынықтыру мен спорт саласын басқару мен ұйымдастыру әдістері ауқымында, студенттерді нарықтық экономикалық қатынастың теориялық және тәжірибелік білімдерімен қажеттілігінше жан-жақты қаруландыру мақсаты алға тартылғанда, осы қалыптасу үстіндегі өтпелі кезеңдегі ерекшеліктерге байланысты методологиялық негіздерді оқытудың басты міндеттері ұсынылады:

1. дене шынықтыру мен спортты басқаруды ұйымдастырудың теориялық негізіне сүйене келіп, осы саланың экономикалық мәселелерінің ғылыми-тәжірибелік негіздерін оқытудың өзектілігі.

2. дене шынықтыру мен спорттың әр құрылымындағы ұйымдастыру жүйесін нарықтық экономикаға сәйкес талаптармен ұштастыра отырып, өнім беретін сала ретінде талдай оқыту.

3. дене шынықтыру мен спортты басқарудың қызметтерін, қақидаларын және әдістерін болашақ мамандарға салыстырмалы бағытта нарықтық экономикалық қатынасты үйрету.

4. студенттерді халықаралық спорттық ұйымдардың кәсіби әрекеттері мен қалыптасқан қақидаларын ескере отырып және басқару әдістеріне байланысты нарықтық экономикалық қатынасты таныстыру.

Сайып келгенде болашақ мамандарды дайындаудағы осы пәннің мәні мен мазмұны келесі келбет табады: бұл пәнді оқытудың нәтижесінде дене шынықтыру мен спорт саласында нарықтық экономикалық қатынастарды меңгеру қабілетіне дағдылануға мүмкіндік туғызылады.

Нарықтық экономикалық қатынастардың білім мен дене шынықтыру мен спорт саласына арналып маманданатын студент осы курсты бітірген соң келесілерді білу керек:

- басқару теориясының негізгі экономикалық түсініктерін;
- дене шынықтыру мен спортты экономикалық ұйымдарының жүйесін;
- дене шынықтыру мен спортты басқарудың нарықтық экономикалық қатынастарының негізгі және арнайы кәсіби қызметтерінде келесілерді атқара білуі керек:
 - көпшілікпен, яғни бұқара халық пен дене шынықтыру мен сауықтыру шараларын ұйымдастырудағы нарықтық экономикалық қатынасты;
 - әр түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізудегі үнемдеуді;
 - оқу-жаттықтыру үрдісін басқарудың нарықтық экономикалық қатынастарын;
 - қоғамдық-дене шынықтыру кадрларының дайындығында экономикалық қатынастары.

Экономиканың теориялық негіздері пәнін оқыту келесідей реттіліктегі пәндерден бұрын болғаны жөн : «Дене шынықтыру және спорттың теориясы

мен әдісі», «Дене шынықтыру және спорттың Педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорттың Социологиясы», «Дене шынықтыру және спорттың экономикасы мен құқықтық негіздері». Бұл топтағы пәндер бір бірімен тығыз байланысты және салалас пәндердің негізін құрайды.

Сондай-ақ «Дене шынықтыру мен спорт менеджменті" яғни, басқарылуы экономиканың теориялық негіздеріне сараптама жасай жүргізілетіндіктен, осы пәннің қосалқы бөлігі ретінде өз үлесін қосады. Жалпы теориялық циклдің кескіндеуші пәндерінің бірі болып саналады. Және де «дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттеріне арналғандықтан ұйымдастыру, басқару ауқымында дене тәрбиесі мамандарына аса қажетті экономиканың теориясымен және әдістемелік білімдерімен толтықтырады.

Аталып отырған саланың экономикасының теориялық негіздері, басқаруды тиімді ұйымдастыру мен қатар оның қоғамдағы орынының жалпы даму жүйесін нарықтық экономикалық қатынастар құрайды. Пәннің әдістемелік негізі болып нарықтық экономикалық қатынастар теориясы табылады. Бұл пәннің мазмұнына экономикалық қатынастардың әлеуметтік процесстерін басқару және ұйымдастырудыңғылыми негізделген теориясы кіреді: яғни, дене шынықтыру мен спортты басқарудың жүйесі және барлық бөлімдерінің өзара байланысы; мемлекеттік және қоғамдық басқару формаларының дамуы мен жетілу жүйесі; басқару функциялары; ұйымдастырушылық қызметтің жақсару мен басқару әдістері мен қақидалары.

Оқу жұмыстарының негізгі түрлері болып келесі бөліктер табылады: дәрістер, семинарлық тәжірибелік жұмыстар, кеңестер, студенттер үшін барлық оқу түрлері бойынша бақылау жұмыстары, студенттердің өзіндік жұмыстары, емтихандар, ұйымдастырушылық мәселелері, келешек кәсіпке байланысты тәжірибелерге дайындық. Осы ұсынылып отырған пәнді оқуға дейін «Дене шынықтырудың әдісі мен теориясын» және «Дене шынықтыру мен спорттың педагогикасының және де психологиясының» курстарын өтпей, аталған саланың нарықтық экономикалық қатынастары туралы жалпы түсінік алулары керек.

Дене шынықтыру мен спортты экономикасын басқарудың негіздері оқу жоспарында арнайы циклдік жетекші орын алады. Сонымен қатар бұл пән, білім алушыларды, яғни аталып отырған сала бойынша маманданатын студенттерді жоғарғы оқу орындарында дене шынықтыру мен спорттың әдістері мен теориясын меңгерте келіп, оларды өздерінің келешектегі кәсіптік дайындығында, бұқара халықпен көпшілік арасында ұйымдастырушылық жұмыстарды тиімді басқаруды ұштастыруға бағыттайды.

Осы пәнді меңгеру үшін студенттердің оқу үрдісі «Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдісі», «Халықпен жұмыс және физикалық-денсаулықты жақсартудың бұқаралық ұйымы», «Іс жүргізу негізі», «Дене

шынықтыру және спорт экономикасы» бойынша теориялық, әдістемелік және тәжірибелік білімдермен жан-жақты жалғасулары керек.

Дене шынықтыру және спорт экономикасын нарықтық қатынас жүйесінде басқару үшін, көтеріліп отырған саладағы менеджмент пен кәсіпкерліктің құқықтық, ұйымдастырушылық, материалды-техникалық және қаржылық құрылымдары негіз болып табылады. Әуесқой және кәсіптік спорт. Денсаулықты жақсарту және дене шынықтыру бағытындағы қоғамдық бірігулер осының жалғасы.

Осы себептерге байланысты аталып отырған пән, студенттердің ұйымдастырушылық-басқарушылық дайындығын қалыптастыруда нарықтық экономиканың ауыспалы кезеңіндегі үрдістерден хабардар болар, аса қажет маңызды бөлігі болып табылады. Пәнінің мақсаты– студенттерді дене шынықтыру құрылымдары ережелерінің негізгі түсінігімен таныстыру, болашақта олардың кәсіби қызметінде керек болатын арнайы құқықтық-тәжірибелік, экономикалық білімдермен жетілдіру.

Біздің еліміздегі дене шынықтыру мен спорттың дамуының әлеуметтік-экономикалық шарттарын оқу арқылы, дене тәрбиесі тарихын, дене шынықтыру және спорттың қазіргі күйін ғылыми түрде талдау және болашақта олардың дамуын болжауға арналған объективті қарастырылған заңды үрдіс ретінде түсіну үшін керек. Біздің қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңінде, нарықтық экономикалық қатынастарды басқару және жобалау жүйесінде ғылымға негізделген болжау ерекше мәнге ие.

Бұл Нұр-Отан партиясының есеп беру баяндамасынан туындаған міндеттер бола келіп, дене шынықтыру мен спорт саласының даму мәселелерін шешуге толығымен қатысты. Дене шынықтыру және спорт Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік экономикалық қатынастары жағынан ажырамас бөлігі болғандықтан, дене шынықтыру қозғалыстарын жоспарлау және болжау, тек нарықтық кезеңде құрылған әлеуметтік-экономикалық шарттардың барлық жиынтығы негізінде мүмкін болады. - Қоғамдық қатынастағы адамдардың қалыптасқан өзара байланысы және әр ұлттың өзара тең тәуелсіздіктегі жағыдаймен есептесуі, заман талабын талдай алуы, жаңа Қазақстандық саясаттың жемісі немесе әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады. Отандық әдіснаманың басқа маңызды талаптарына барлық қоғамдық құбылыстар негізінде қоғамның **экономикалық** базисі мен өндірісте жатқан өзгерістерді есептеу қажеттілігі шығады. Міне, сондықтанда дене шынықтыру және спорт саласының мәселелерін басқа қоғамдық құбылыстардан, соның ішінде экономикадан бөле жарып қарастыруға болмайды.

Дене шынықтыру мен спорттың дамуына әрине, әлеуметтік-экономикалық шарттардың әсерін талдау қажет болады, сонымен біздің көзқарасымыз бойынша осы шарттардың классификациясынан бастап, одан ары дене шынықтыру саласына оның әсерін анықтап білу керек. Тек сондай жолмен нарықтық экономикалық қатынастағы тұрақты мемлекеттің

артықшылығы туралы жалпы пікірден әлеуметтік-экономикалық шарттардың өзара байланысының нақты бағытты талдауына және біздің еліміздегі дене шынықтыру мен спорттың дамуына көшуге болады. Бұлар бар жақсы мүмкіндіктерді дене шынықтыру қозғалыстары үшін жақсы тәсілмен қолдануға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта әлеуметтік-экономикалық шарттар мен дене шынықтыруды дамытудың арасындағы байланысты, олардың сандық тәуелділігін анықтағанға дейінгі сапалы талдауын шығару керек. Кейбір бағыттарда мұндай жұмыс жасалынған, нәтижесінде, дене шынықтыру және спорт саласында экономикалық көрсеткіштердің толық жүйесі шықты. Осы жүйе бойынша, бұл көрсеткіштерді қолдану, әртүрлі деңгейде спорттық және дене тәрбиелік ұйымдардың басқармаларын құрудың тым нәтижелі болуына қажетті мүмкіндік береді.

Шарттардың екінші тобына бос уақыттың көбеюін; мемлекет жағынан дене шынықтыру мәдениетінің дамуына бөлінген қаржылардың өсуін; спорттық жабдықтардың белгілі саны мен сапасының болуын және олардың қолдану деңгейін, спорттық құралдар мен жабдықтардың өндірілуін; дене тәрбиесі үшін маман кадрлардың сапалы дайындалуы, қорыта айтқанда дене тәрбиесінің басқарылуының жақсартылуына жатқызуға болады. Осы және кейбір басқа шарттар бұқаралық дене шынықтыру мен спорттың дамуына тікелей әсер етеді. Осындай көрсеткіштермен салыстырмалы түрде талдау бойынша, дене шынықтыру мен спорттың дамуының арасындағы тәуелділіктің сандық және сапалық түрлері анықталуы мүмкін, ал осы шарттардың өзі, әрбір нақты жағдайда, немесе кейбір кезеңде дене шынықтыру мен спорттың дамуының деңгейін анықтайтын факторлар ретінде шығады.

Әлеуметтік-экономикалық шарттардың түрлі топтары, егер ғылымға негізделген болса, онда олар бір-бірлерін шығарып тастамайды. Сол не басқа топтың таңдалынуы, практикалық қажеттілік мақсатына байланысты болуы мүмкін. Әртүрлі топтарды қолдану өзара тәуелділіктің, дене шынықтыру мен басқа қоғамдық құбылыстар арасындағы сияқты, бір тұтастықтың бейнесін тура келтіріп береді.

Осы бетте ғылыми талдаудың маңызды әдіснамалық қақидасы болып нарықтық экономикалық қатынастар табылады. Әлеуметтік құбылыстарды зерттеу барысында «негізгі тарихи байланысты әр уақытта есте ұстай келіп, ал танымал құбылыс тарихта қалай пайда болды, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай кезеңдерден өтті және дамудың осы көзқарасымен қарағанда, берілген зат енді неге айналғанын қарау, салыстыру, талдау және дамыту керек...».

Мысалға, ғылыми ұйым, дене шынықтыру мен спорттың жоспары және экономикасы сияқты топтарды алайық. Дене шынықтырудың барлық даму кезеңдерінде бұл шарттар белгілі бір мәнге ие болды. Алайда ертеректе, біздің елімізде дене тәрбиесі қалыптаса бастағанда, басқарушы үшін кішігірім жеке тәжірибе мен ынта жеткіліксіз болды, бірақ қазіргі кезеңде, алдымен ол

ұйымның даму сатысын анықтап басқарудың ғылыми негізделген білімдеріне ие болу керек, өмірдегі қалыптасып жатқан экономикалық және әлеуметтік сұрақтардан хабардар болу керек.

Нарықтық экономикалық қатынаста басқарудың ұйымдастырушылық-құрылымдық негізін көрсететін түсініктердің талдануы, дене шынықтыру мен спорт саласындағы қоғамдық қатынасты басқарудағы ұйымның арнайы әсері күрделі сипатқа ие болуда.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. Дене шынықтыру және спортты басқарудағы экономика мәселелерінің негіздерін оқытудың мәні не болып табылады?

2. Дене шынықтыру мен спортты ұйымдастыруда экономиканың қандай теориялық негізінен бастау алынады?

3. Студент осы курсты бітірген соң дене шынықтыру мен спорт саласындағы нарықтық экономиканың қандай заңдылықтарын айырықша білуі керек ?

4. Спорттың алуан түр-түрлері мен дене шынықтыру құрылымының құрылу қақидаларын, теориялық негіздерін жобалау және орналастыру есебінің негізгі нормалары неден тұрады ?

5. Дене шынықтыру мен спорт саласының экономикасын нарықтық қатынас жүйесінде басқару мен дамыту үшін, материалды-техникалық және қаржылық кірістің негізгі көздері қандай заңды жолдар арқылы толықтырылады ?

6. Нарықтық экономикалық қатынастарға объектен субъектке ақпараттардың қозғалысы орындалатын басқарушылық қызметтің маңызды элементі қалай аталады?

7. Федерацияның қызметіне материалдық-қаржылық көмекті жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері, кеңесшілік дауыстағы құқықты өкілі ретінде конференцияға қатыса алады ма?

8. Конференцияда не себептермен федерацияның қызметінің қаржылық есептердің берілулері тыңдалады және бюджет жобалары қарастырылады ?

9. Федерация оқу-жаттықтыру жиындары жұмысынан басқа, осы саланың мамандарының әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етеумен қатар халыққа ақылы қызметтер ұйымдастыра ала ма ?

10. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ауылдық дене шынықтыру-спорттық қозғалыстың қызметін нарықтық экономикаға байланысты меңгеру туралы арнайы қаулыны қашан қабылдады ?

11. Материальдық және қаржылық ресурстардың негізгі бөлігін ұлттық спорт түрлерін дамытуға, республиканың ауылдық аймақтарында дене шынықтыру-шипалық және спорттық шаралар өткізуге бағытталған қаражат қалай қарастырылған ?

12. Федерация келісім-шарт бойынша спорт түріне қарай шетелде жұмыс істеуге спортшыларды, жаттықтырушыларды және басқада мамандарды

іріктеп алуда, олардың коммерциялық шараларға және жарнамалық қызметке қатысуын қандай талаптар артқылы жүзеге асырады ?

13. Ауылдық аймақта тұратын дене шынықтыру және спорт қызметкерлерін әлеуметтік қорғау бойынша жеңілдіктер қалай қарастырылған ?

14. Ұлттық олимпиадалық комитеттің кәсіби шараларына қатысу қалай қаржыландырылады ?

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. – Астана: Ел Орда, 2004.
2. Гальперин П.Я. Основные результаты исследования по теме: «Формирование умственных действий и понятий». – М., 1976
3. Роджерс К [5] Мипатия эмоций: тексты/под ред. В.К.Вилюнаса, . Ю.Б. Гипенрейтер –М., 1989.
4. Маслоу А. [6] и др. Самоактуализация /Психология личности: тексты/под ред. Ю.Б. Гипенрейтер, А.А. Пузыряя. - М., 1987.
5. Слостенин В.А. Доминанта деятельности. Народное образование. –М.,1998
6. Бальсевич В.К. Физическая культура для всех.- М.: ФИС, 1998 .
7. Лубышева Л.И. Концепция формирования физической культуры человека. - М.-РГАФ, 1997.
8. Сабден Оразалы. Что делать для восстановления экономики Казахстана. Алматы, 1999, «Санат».
9. У. Баймуратов, Национальная экономическая система. - Алматы, 2000, «Ғылым».
10. Иванов Г.Д. Физическое воспитание: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - Алматы: Рик, 1995.
11. Гуськов СИ. Организационные и социально-экономические основы развития профессионального спорта в США на современном этапе. Диссер. док. пед. наук. - М., 1992.
12. Экономика физической культуры и спорта. Учебное пособие. Под редакцией Кузина В.В. М.,2001.
13. Кульназаров А.К. Физкультурное движение Республики Казахстан. - Алматы, 1999
14. Кульназаров А.К., Кошаев М.Н., Иванов Г.Д., Ильясов Ж.О. Физическая культура и спорт как важная часть экономики.
15. Кошаев М.Н., Кульназаров А.К., Иванов Г.Д. Пути повышения социально-экономической значимости физической культуры в обществе. Сборник научных статей «Вопросы физической культуры и спорта». - Алматы, 1998.
16. Иванов Г.Д., Кошаев М.Н., Ильясов Ж.О. Экономические отношения в сфере физической культуры и спорта.//Международная научно-практическая конференция «Национальная экономика: формирование инновационной и конкурентоспособной модели», Алматы, 2007.
17. Лестгафт П.Ф. Избранные педагогические сочинения. -М, Педагогика, 1998.
18. Лестгафт П.Ф. Собрание педагогических сочинений, т.2. - М. -1952.
19. Лисицын Ю.П., Сахно А.В. Здоровье человека - социальная ценность. М. ФиС, 1998.
20. Лотоненко А. В. и др. Формирование потребностей и мотивов в физической культуре.- Воронеж, 1990.

21. Қошаев М.Н. Дене тәрбиесінің экономикалық тиімділігі. Вестник физической культуры МОН РК, ННПЦФК, 2001, №2.
22. Қошаев М.Н. Алғашқы жарыстардың асуы биік. Вестник физической культуры МОН РК, ННПЦФК, 2002, №1.
23. Кошаев М.Н. Социальные функции физической культуры. Сб. научных статей «Молодежь - Спорт - Здоровье». - Алматы, №2, 2002.
24. Мудрик А.В. Социализация и «смутное время». Знание. - 1991. - №3.
25. Пономарев Н.И. Комментарий к статье В.Н. Томилова. Теория и практика физ. культ.- 1990.-№10.
26. Кошаев М.Н., Кульназаров А.К. Новые формы экономических отношений и финансирования в физической культуре. Вопросы физической культуры и спорта: Сб. научных статей. - Алматы: Комитет туризма и спорта РК, Каз. ИФК, 1998.
27. Кошаев М.Н. Экономическое стимулирование спортсменов-инвалидов. Вестник физической культуры МОН РК, ННПЦФК, 2001, № 1.
28. Пономарчук В.А. Физическая культура, спорт, личность. М., ФиС, 1988.
29. Пономарчук В.А. Спорт, культура, личность. - Нравственный потенциал современного спорта. М., Советский спорт, 1989.
30. Закон Республики Казахстан "О физической культуре и спорте" от 2 декабря 1999 года
31. Экономика физической культуры и спорта. Под общей редакцией В.У.Агеева. -М.: Физкультура и спорт, 1983
32. Клещева Н.А. Основные направления системного подхода к решению образовательных проблем. Новые технологии науки и образования на пороге третьего тысячелетия. - Новосибирск, 1999.
33. Кукунова Е.В. Педагогическая технология и личностно-ориентированная технология: понятие, структура. Новые технологии науки и образования на пороге третьего тысячелетия. - Новосибирск, 1999.
34. Киселев Ю.А. Влияние спорта на формирование личности. Знание.- М., 1981.
35. Каргаполов Е.П. Актуальные вопросы теории непрерывного физкультурного образования. Теория и практика физ. культ. - 1990. - №7.
36. Костюченко В.Ф., Кульназаров А.К. Профессионализм в сфере физической культуры. Алматы, 2004.
37. Аристова Л.В., Шпилько СП. Физическая культура: отрасль в новых условиях хозяйствования.-М.: Экономика, 1991.
38. Симаков Ю.П. Генезис и психологическая классификация параолимпийского движения. Теория и практика физ. культ. - 1991. - №7.
39. Аристова Л.В., Шпилько СП. Физическая культура: отрасль в новых условиях хозяйствования. - М.: Экономика, 1991.
40. Савицкий П.Ф. Организация физкультурно-оздоровительной работы. - Киев, КГИФК, 1992.

41. Апчел В.Я., Цыган В.Н. Стресс и стрессоустойчивость человека. СПб. Изд-во ВМА, 1999.
42. Быховская И.М. Гуманизм или технократизм: два стиля мышления в спорте. Материалы IV методологического семинара, Москва, 1989.
43. Быховская И.М. Человеческая телесность в социокультурном измерении: традиции и современность. Общество социологов РАН, М.; ГЦОЛИФК, 1993.
44. Каган М.С. Человеческая деятельность (Опыт системного анализа). Москва, 1994.
45. Шинкарук В.И. К вопросу о принципах диалектики как методологии обществоведения. Философская и социологическая мысль. 1993, №9-10.
46. Евстафьев Б.В. Анализ основных понятий в теории физической культуры. Л., ВИФК, 1985.
47. Демин В.А. Методологические вопросы исследования спорта в аспекте теории деятельности. Автореферат дисс. канд. пед. наук. М., 1991.
48. Каргин Н.Н. Проблемы системного исследования науки о физической культуре и спорте. Автореферат дисс. канд. пед. наук. М., 1977.
49. Кузьмак Б.С., Осинцев А.А. Социально-экономические проблемы физической культуры и спорта. -М., 1981.
50. Амосов Н.М. Раздумья о здоровье. - М., 1987.-191
51. Сулейманов И.И. Предмет теории и социальные функции физической культуры и спорта. Омск, ОГИФКД981.
52. Сулейманов И.И. Системное исследование конфликтных ситуаций в спорте: Автореферат диссертации канд. пед. Наук. - Л., 1982.
53. Сулейманов И.И. Базовая физическая культура. - Омск, ОГИФК, 1987.
54. Сулейманов И.И. Введение в предмет «Физическая культура учащихся и студентов», ОГИФК, 1991.
55. Муравьев В.И., Сулейманов И.И. Предметная область философского и •социологического знания о физической культуре и спорте и его основные элементы. Теория и практика физ. культ. - 1991. - №7.
56. Кошаев М.Н., Орехов Л.И., Караваева Е. Л. Особенности начальной оздоровительной программы двигательной активности женщин. Вестник физической культуры МОН РК, ННГЦФК, 2002, №1.
57. Кошаев М.Н. Некоторые финансово-экономические показатели служащих и рабочих промышленных предприятий г. Алматы, занимающихся оздоровительной физической культурой. Укрепление здоровья нации средствами физической культуры: Сборник научных статей. - Алматы: Комитет туризма и спорта РК, КазИФК, 1998.
58. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. - М.: ФИС, 1991.
59. Кошаев М.Н. Влияние оздоровительной физической культуры на экономику производства. Сб. научных статей. - Алматы: Комитет спорта и физической культуры РК, КазГАСТ, 1999.